

ЖАСТАРДЫҢ СЕНІМІ – 90,1%

Қазақстандықтардың басым бөлігі Тоқаевқа сенім білдіреді

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжелең Ақшамы Газеті

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ЗЕРТТЕУІ:

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНАН ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТЕДІ

Еуразиялық интеграция институты БАҚ өкілдеріне арналған онлайн-брифинг барысында қазақстандықтардың электоралдық мінез-құлқының түрлі аспектілерін зерттеу аясында 2026 жылғы 16-26 шілде аралығында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін жариялауды жалғастырды.

Бұған дейін хабарланғандай, азаматтар арасында жүргізілген жаппай сауалнамаға (face-to-face) Қазақстанның 17 облысынан және Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан 4 000 респондент қатысты.

Сауалнама қоғамда сайлау науқандары, саяси партиялардың рөлі мен функциясы туралы нақты және байыпты түсінік қалыптасып отырғанын, сондай-ақ жүргізіліп жатқан саяси реформалардың жағымды әсері туралы пікір басым екенін көрсетті.

Құрылтай депутаттарының сайлауды қарсаңында зерттеу аясында анықталған бірқатар көрсеткіштер арнайы назар аударуға тұрарлық.

Бірінші. Сайлау белсенділігіне орай жүргізілген жалпы өлшем бойынша, сауалнамаға қатысқан азаматтардың 78,2%-ы сайлаулар мен референдумдарда дауыс беруге қатысатынын көрсетті.

Оның ішінде атап өтерлігі, әрбір науқан өткен сайын дауыс беруге қатысатын азаматтардың саны

артып отырған. Респонденттердің жауаптарына сәйкес 2023 жылғы парламенттік сайлауға азаматтардың 53,4%-ы, 2024 жылғы референдумға 63,4%-ы, 2026 жылғы референдумға 75,3%-ы қатысқан. Сауалнама нәтижелері Орталық сайлау комиссиясының ресми деректерімен барынша сәйкес келетінін атап кеткен жөн.

Екінші. Жаңа Конституцияны қабылдау бойынша өткен референдумға қатысқан азаматтар өздерін дауыс беруге ынталандырған мынандай себептерді атап өтті:

Азаматтардың 71%-ы дауыс беруді өздерінің азаматтық борышы деп санайды.

Респонденттердің 69,6%-ы жүргізіліп жатқан саяси реформаларды маңызды деп санайды.

Ал 31,4%-ы дауыс беруді өзінің ажырамас демократиялық құқығы деп есептейді.

Сауалнамаға қатысқандардың 18%-ы дауыс беруге құқылы жасқа жетуіне байланысты қатысқан.

(респонденттер бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігіне ие болғандықтан, жауаптардың жиынтық көрсеткіші 100%-дан асады)

Сайлау белсенділігінің осы факторлары 23 тамыздағы референдумда шешуші рөлге ие болуы мүмкін.

Үшінші. Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтар жүргізіліп жатқан сайлау процестері туралы хабар алатын ТОП-7 негізгі ақпарат көзі анықталды: теледидар – 51,6%, Instagram – 44,5%, жаңалық таратушы интернет-порталдар – 32,5%, отбасы мүшелері және туыстары арқылы – 27,4%, TikTok – 23,8%, жұмыс орнында, ұйымда – 22,5%, достары арқылы – 21,7%.

(респонденттер бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігіне ие болғандықтан, жауаптардың жиынтық көрсеткіші 100%-дан асады)

Бұл нәтижелер саяси контентті жалпы медиа тұтынуда телеарналардың әлі де өзекті екенін және әлеуметтік желілердің ішінде Instagram және TikTok желілерінің кеңінен танымал екенін көрсетеді. Азаматтар сайлау барысы туралы тұрақты түрде хабар алып отырады және оны күнделікті өз ортасында талқылайды.

Төртінші. Қазақстандықтардың басым көпшілігінің пікірінше жаңа Конституцияны қабылдау сияқты бар палаталы Құрылтайдың құрылуы да оң өзгерістермен байланысты. Сауалнама нәтижелері азаматтардың Құрылтай сайлауынан жақсылық күтетінін көрсетеді.

Респонденттердің 68%-ы Құрылтай сайлауынан кейін өмірінде жақсы өзгерістер болатынына үмітті.

2-бетте

ТЕРІС ПІКІРЛЕР – САЙЛАУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУ

Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы Құрылтай депутаттарын сайлауға дайындық кезеңінде ақпараттық кеңістікке мониторинг жүргізуді жалғастыруда.

Дауыс беру күні жақындаған сайын әлеуметтік желілерде сайлауды әділ ұйымдастыруға күмән келтіретін жарияланымдар санының арта түсетіні белгілі. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай ақпараттың көпшілігі әрбір сайлау науқаны кезінде қайталанып отырады. Мақсат – азаматтарды ақпараттандыру емес, сайлау жүйесінің жұмысына қатысты теріс пікір қалыптастыру.

Ең жиі таралатын жалған мәлімдемелерді талдап көрейік.

1-ші теріс пікір. «Басқа қалада оқитын студенттер жазғы демалысқа байланысты дауыс бере алмайды».

Шындық: Заңнамада уақытша жүрген жері бойынша дауыс беру тетігі қарастырылған. Жоғары оқу орындарымен бірлесіп студенттердің нақты тұрып жатқан жері анықталады, содан кейін олар осы мекенжай бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі. Бұл жұмыс бүкіл сайлау науқаны барысында жүргізіледі.

2-ші теріс пікір. «Үздіксіз жұмыс істейтін өндіріс орындарының қызметкерлері мен вахталық кенттердің тұрғындары дауыс бере

алмайды».

Шындық: Мұндай жағдайлар үшін заңнамада үздіксіз өндіріс орындарында және вахталық кенттерде сайлау учаскелерін құру көзделген. Шешімдерді қабыптасқан жағдайларды ескере отырып, аумақтық сайлау комиссиялары қабылдайды.

3-ші теріс пікір. «Бір есептен шығару куәлігі арқылы бірнеше рет дауыс беруге болады».

Шындық: Бұған заң жүзінде жол берілмейді. Әрбір куәліктің бірегей нөмірі болады. Ол жеке басты куәландыратын құжат пен жазбаша өтініш негізінде тек бір рет қана беріледі, ал оның берілгені туралы мәлімет сайлаушылар тізімінде тіркеледі. Заңнамада куәлікті қайта беру немесе жоғалған нұсқасын қалпына келтіру көзделмеген.

4-ші теріс пікір. «Сайлаушыларды тексеруге арналған онлайн-сервистерді деректерді өзгерту үшін пайдалануға болады».

Шындық: Сайлау науқаны кезеңінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерді бақылау мен қорғау шаралары барынша күшейтіледі. Цифрлық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және сыртқы киберқауіптерге қарсы іс-қимыл жасау үшін барлық қажетті шаралар қабылданауда.

8-бетте

Үкімет пен әкім

ЖАСАНДЫДАН АЛДЫҒА ЕЛ САЛМАЙМЫЗ...

Үкіметтің Үкімет басшысы О.Бектеновтың төрағалығымен өткен кезекті жиыны жасанды интеллект негізінде мемлекеттік қызметтердің жаңа экожүйесін қалыптастыру мәселесіне арналды.

Ресми ақпарат бойынша Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электронды үкіметті дамыту индексінде 193 мемлекет ішінде 24-ші орын алады. Жаңа технологияларды енгізуге әзірлік деңгейі бойынша Орталық Азияда көшбасшы. Мемлекет басшысы биылғы жылды цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялағалы бері мемлекеттік қызметті сандық жүйеге көшіру тіпті сөнге айналды. Енді

осы жиында Үкімет басшысы О.Бектеновтың - **«Бүгінде азаматтар үшін цифрлық қызметтер санын көбейтіп қана қою жеткіліксіз. Олар қажетті нәтижені жылдам әрі өш кедергісіз алғысы келеді. Жасанды интеллект министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, биыл бірден көрсетілетін форматқа көшіруге болатын қызметтердің тізбесін айқындауды тапсырамын. Бұл ретте көпбалалы аналарға жәрдемақы тағайындау немесе сот-тылығының бар-жоғы туралы анықтама беру сияқты қызметтерді үлгі етіп алуға болады»** - дегеніне қарағанда цифрлық қызмет одан сайын күшейе түседі. Мәселен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрі Асқарбек Ертаевтың мәлімдемесі бойынша бүгінде әлеуметтік төлем алу үшін бір ғана өтініш беру жеткілікті. Цифрлық платформа қажетті мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден өзгі алады.

Биылғы маусым айынан бастап платформа еліміздің барлық 20 өңірінде пайдалануға енгізілген. Платформа арқылы жергілікті атқарушы органдар көрсететін 13 қолдау шарасы цифрлық форматта ұсынылады.

Атап айтқанда емделуге (сауықтыруға), гемодиализ аппаратын пайдаланатын I топтағы мүгедектігі бар адамдарға; тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеуге; мүгедектігі бар балаларды емдеуге; созылмалы бүйрек жеткіліксіздігімен ауыратын адамдарға; дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге; санаторийлік-курорттық емделуге; коммуналдық қызметтерді төлеуге; тұрғын үйді күтіп ұстауға; телефон үшін абоненттік төлемді төлеуге; тұрмыстық қажеттіліктерге; қатты отын сатып алуға; ақшалай көмек көрсетуді енді портал ұсынады.

Тамыз айынан бастап әкімдіктер көрсететін біржолғы мемлекеттік қолдау шаралары, атап айтқанда, мерекелік және атаулы күндерге берілетін төлемдер де жасанды интеллект көмегімен тағайындалады.

Министрдің айтуынша жүйе алушыларды алдын-ала анықтап, төлем тағайындау жобасын қалыптастырады. Төлемді жүзеге асыру туралы түпкілікті шешімді жергілікті атқарушы орган қабылдайды.

Қыркүйек айында eGov Mobile арқылы өтініш беруге мүмкіндік жасалады. Ал қазан айында мемлекеттік қолдау шараларын алушылардың атаулылығы мен мұқтаждық деңгейін ескере отырып, нысаналы түрде тағайындау үшін жасанды интеллектіні енгізу жоспарлануда.

Үкімет жиынында баяндама жасаған BTS Digital компаниялар тобының басқарушы директоры Мақсат Нұриденұлы Aitu мессенджері қаналықтарын жариялады.

Оның айтуынша Aitu-ды қазақтың дәстүрі, тілі мен өмір салты ескерілетін ұлттық мессенджер ретінде дамыту жоспарланып отыр. Ол үшін әр отбасыға қажетті түрлі функция іске қосылады. Атап айтқанда фотосуреттерді сақтауға, маңызды оқиғалардың күнтізбесін жүргізуге және түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға болады.

Сондай-ақ қазақстандықтарға ортақ дәстүрлермен байланысты сүйінші, көрімдік, асар және садақа сияқты ақша аударымдарын автоматты түрде жүзеге асыру мүмкіндігі ұсынылады.

Мессенджерде тіпті цифрлық шежіре де дамытылады. Қолданушы өзінің ата-тегін және отбасы тарихын ыңғайлы форматта сақтай алады.

Сондай-ақ «Қазақ тілін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қосымшада қазақ және орыс тілдері арасында автоматты аударма жасау мүмкіндігі болады. Елімізде 100-ден астам этнос өкілі тұратындықтан бұл өте маңызды көрінеді.

Бүгінде Aitu-да 6,8 миллион адам тіркелген. Ай сайын қосымшаны 1 миллионнан астам қазақстандық қолданады екен. Күн сайынғы аудиториясы 100 мыңнан асады, ал кей жоғары көрсеткіш тіркелген күндері 210 мың адамға дейін жетеді екен.

Демократия институты 2026 жылғы 20 шілде мен 6 тамыз аралығында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін ұсынды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президентіне сенім жоғары деңгейде сақтала отырып, 85,7%-ды құрады.

Әлеуметтанулық сауалнама 2026 жылғы 20 шілде мен 6 тамыз аралығында Демократия институтының қаржыландыруы негізінде жүргізілді. Іріктеме көлемі 8000 респондентті құрайды. Сауалнамаға 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қала – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 18 жастан асқан респонденттері қатысты.

Зерттеу 18-29 аралығындағы жастардың Президентке жоғары деңгейде сенім білдіретінін анықтады. Осы жас тобындағылардың 90,1%-ы («ия» және «ия деуге болады») жауаптарының ортақ көрсеткіші) Президентке сенім артатынын білдірді. Бұл сауалнамаға қатысқандарды жас санаттары бойынша талдағандағы ең жоғары көрсеткіш.

Білім деңгейі – саяси сенімнің маңызды көрсеткіштерінің бірі: азаматтардың білім деңгейі неғұрлым жоғары болса, олардың Президентке деген сенімі де соғұрлым жоғары. Мысалы білім деңгейі төменірек респонденттер арасында сенім 81,8%-ды құраса, жоғары білімді азаматтар арасында бұл көрсеткіш 89,7%-ға жетіп отыр.

Халықтың Мемлекет басшысына деген жоғары сенімі мемлекеттің даму бағытын жоғары деңгейде қолдауымен тығыз байланысты. Мемлекеттің даму бағытына да халықтың басым бөлігі қолдау білдіріп отыр. Атап айтқанда 81,5% қазақстандық мемлекет дұрыс бағытта дамып отыр деп санайды.

Елдің даму бағытын қолдайтындардың әлеуметтік-демографиялық портреті Президентке сенім білдіретін қазақстандықтардың портретіне ұқсас.

Мысалы, 18-29 аралығындағы жастар мемлекеттің даму бағытын ең жоғары деңгейде қолдайтын топты құрайды. Олардың 85,4%-ы мемлекет дұрыс бағытта дамуда деп санаса, бұл көрсеткіш жас шамасы ұлғайған сайын төмендей түседі. Көрсеткіш төмендегеніне қарамастан, ол бәрібір жоғары деңгейде сақтала отырып, жасы ең үлкен респонденттер тобында 76,9%-ды құрайды (60 жастан асқандар).

Президентке сенім білдіретіндер арасында білім деңгейі бойынша жоғары білімділер ең жоғары көрсеткішті құраса, Қазақстанның даму бағытын дұрыс деп санайтындардың да ең жоғары үлесі жоғары білімді азаматтар арасында тіркеледі (86%).

Жалпы алғанда Президентке деген сенім деңгейіне де, елдің даму бағытын қолдау деңгейіне де әсер ететін негізгі факторлар ретінде респонденттердің жас ерекшелігі мен білім деңгейі анықталып отыр. Сонымен қатар бір қызығы, зерттеу нәтижелері Президентке деген сенім мен елдің даму бағытын қолдауға қатысты ерлер мен әйелдердің, сондай-ақ қала мен ауыл тұрғындарының көзқарастарында елеулі айырмашылықтар жоқ екенін көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері елдің әлеуметтік-саяси даму бағытын барынша оң бағалайтын азаматтардың әлеуметтік санатын анықтауға мүмкіндік берді. Олар мемлекеттік бастамаларды одан әрі ілгерілетудің әлеуетті тірегі бола алады. Бұл санатты жас қазақстандықтар мен жоғары білімді азаматтар құрайды. Респонденттердің жынысы мен тұрғылықты жері (ауыл/қала) айтарлықтай әсер ететін фактор ретінде қарастырылмайды.

Мұндай үрдіс жастар арасында мемлекетке институционалдық сенім деңгейінің жоғары екенін, қазіргі қоғамдық-саяси күн тәртібіне көбірек қызығушылық танытатынын, сондай-ақ олардың елдің одан әрі өзгеруі мен дамуына қатысты үміттерінің жоғары екенін көрсетуі мүмкін.

Елдің қазіргі даму бағытын қолдайтын азаматтар арасында жоғары білімділердің басым болуы эмоционалды сенімнен рационалды сенімге көшуді көрсетеді. Азаматтар нақты оң өзгерістерді көріп, реформалардың нәтижелерінің өз өмірлеріне жағымды әсерін сезінгендіктен Президенттің бағытын қолдайды.

Президентке деген қоғамдық сенімнің жоғары деңгейі мен елдің даму бағытына берілген оң бағаның үйлесуі қоғамдағы жоғары деңгейдегі консолидацияны, әлеуметтік оптимизмді және қоғамдық-саяси тұрақтылықтың әлеуетін көрсетуі мүмкін.

НЕЛІКТЕН 120 БАЛЛ ГРАНТ АЛУҒА ӘРДАЙЫМ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ?

ҰБТ-дан жоғары балл жинау — маңызды артықшылық. Алайда грант тек жинаған балл санына байланысты автоматты түрде берілмейді.

Білім беру гранттары нақты білім беру бағдарламасы бойынша конкурс негізінде бөлінеді. Сондықтан нәтиже тек талапкердің жинаған баллына емес, сонымен қатар: таңдалған білім беру бағытына, бөлінген гранттар санына, конкурсқа қатысушылар санына, конкурс деңгейіне, жекелеген санаттарға арналған квоталардың болуына да байланысты.

Мысалы 120 балл жинаған талапкер жоғары бәсекелестік бар білім беру бағдарламасын таңдаса, грант санына қарағанда талапкерлер саны айтарлықтай көп болған жағдайда грант иегері болмауы мүмкін. Ал 100 балл жинаған талапкер бәсекелестігі төмен бағыт бойынша грантқа ие болуы мүмкін.

Маңызды: шекті балл конкурсқа қатысуға мүмкіндік береді, бірақ грант алуға кепілдік бермейді. Ал ету баллы конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша қалыптасады.

Сондықтан білім беру бағдарламасын таңдау кезінде тек ҰБТ нәтижесін ғана емес, таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша бөлінген гранттар санын және конкурс деңгейін де ескеру маңызды.

Грант — бұл жоғары баллдың ғана емес, нақты конкурс нәтижесінің қорытындысы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҰРАҚТЫ ТӨЛЕЙТІНДЕР КӨБЕЮДЕ

Қазақстанда азаматтардың лайықты зейнетақымен қамсыздандыруға қатысты саналы көзқарасы жыл санап дамып келеді. Бұл үрдіс басқа елдерде әлдеқашан қалыптасқан тәжірибе. Зейнетақы жинақтарын өзінің қартайған кездегі әл-ауқат деңгейіне тікелей әсер ететін ұзақ мерзімді қаржылық капиталы ретінде қабылдайтын азаматтар саны көбеюде. Бұған зейнетақы жинақтары көлемінің серпінді өсуі, халықты жинақтаушы зейнетақы жүйесімен (ЖЗЖ) қамту ауқымының кеңеюі, зейнетақы жарналарын тұрақты төлейтін азаматтар санының артуы дәлел.

Зейнетақы шоттарымен ондағы жинақтардың өсуі

2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қазақстандықтардың БЖЗЖ-дағы зейнетақы жинақтары **28,09 трлн. теңгеге** жетіп, бір жыл ішінде **4,08 трлн. теңгеге** немесе **17,0%-ға** өсті.

ЖЗЖ дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – зейнетақы шоттары санының тұрақты өсуі. 2026 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да **18,78 млн зейнетақы шоты** ашылған. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **1,11 млн.** немесе **6,3%-ға** көп.Олардың ішінде салымшылардың (алушылардың) **12,80 млн.** жеке зейнетақы шоты бар. Оның ішінде **11,36 млн.** шот – міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), **786,27 мың** шот – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), **462,40 мың** шот – ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша ашылған.Бұдан бөлек, БЖЗЖ-да жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша келіп түскен мәліметтер есепке алынатын **5,97 млн. шартты зейнетақы шоты** ашылған.

Шоттар мен жинақтар туралы барлық ақпарат ашық әрі азаматтарға тәулік бойы, аптасына 7 күн қолжетімді. Оны БЖЗҚ-ның сайтындағы немесе мобильді қосымшасындағы жеке үзінді көшірмеден, сондай-ақ БЖЗҚ-ның өңірлік бөлімшелерінен алуға болады.

Халықтың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін қалай бағалаған жөн?

Азаматтардың зейнетақы жарналарын төлеу белсенділігін бағалау кезінде бірқатар маңызды жайттарды ескеру қажет.МЗЖ есепке алынатын шоттардың жалпы санына (11,36 млн) **объективті себептерге байланысты жарналар түспейтін** шоттар да кіреді. Оларға азаматтардың мынадай санаттары жатады:

ТҮЗЕТУ

“Акмешіт акшамы газетінің 2026 жылғы 9 шілдеде жарық көрген 27 нөміріндегі “Қызылорда қаласының аумағындағы сайлау учаскелері” материалы бойынша №392-ші сайлау учаскесінің мекен-жайы түзетіліп оқылсын.

№ 392 сайлау учаскесі

Орналасқан жері: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Облыстық физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Сол жағалау мөлтек ауданы 81 құрылыс.

Избирательный участок № 392

Местонахождение: Коммунальное государственное учреждение «Областной лицей-интернат «Білім-инновация» физико-математического направления» управления образования Кызылординской области, микрорайон Левый берег, строение 81.

Арал аудандық сотында семинар өткізілді

Арал аудандық сотында «Қазақстан Республикасының жана Конституциясының қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қолдану мәселелеріне арналған семинар өткізілді.

Шараға аудандық сот төрағасы Р.Алдамбергенов, аудандық соттың судьялары, аудандық прокуратура, аудандық полиция бөлімінің және аудандық пробация қызметі бөлімінің қызметкерлері қатысты.

Аудандық сот төрағасы өз сөзінде «Жана Конституцияның қабылдануына орай жарияланған рақымшылық жасау туралы» Занды сот тәжірибесінде қолданудың өзекті мәселелеріне тоқталды.

Семинар барысында рақымшылық туралы заңды және қылмыстық заңнаманың өзге де нормаларын қолдану кезінде заңдылық қағидаттарын қатаң сақтау туралы айтылды.

Семинар соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Арал аудандық соты

Дау медиациялық келісімге келу тәртібімен реттелді

Талап қоюшы Е. Байқоңыр қалалық сотына жауапкер М.-дан баласы үш жасқа толғанға дейін өзінің (жұбайының) асырауына алимент өндіріп алу туралы талап арызбен жүгініп, жауапкер өз еркімен материалдық көмек бермейтінін көрсетіп, жауапкерден бала үш жасқа толғанға дейін алимент өндіріп алуды сұрады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 147-бабы негізінде ерлі-зайыптылар бір-бірін материалдық жағынан қолдауға міндетті, ал мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылар арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда, зайыбы жүктілік және

ортaq баланың туған күнінен бастап 3 жыл ішінде қаражаты бар жұбайынан сот тәртібімен алимент өндіруді талап етуге құқығы бар.

Істі қарау барысында тараптар дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасап, келісімді бекітулі сұрғанған.

Келісімге сәйкес жауапкер әр айдың 30-на дейін, баласы үш жасқа толғанша 100 000 теңге мөлшерінде жұбайын асырауға алимент төлеуге міндеттенді.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Байқоңыр қалалық соты

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

Азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқта-тылды.

алты ай ішінде **6,77 млн-нан 6,93 млн-ға** дейін өсті, ал осы шоттардағы жинақтар **20,10 трлн. теңгеден 21,07 трлн. теңгеге** дейін ұлғайды.

Зейнетақы жарналарын төлеудің тұрақтылығы мен толықтығы ЖЗЖ-ға қатысу ұзақтығынан бөлек, жеткілікті зейнетақы жинақтарын қалыптастырудың маңызды факторларының бірі – жарналарды **тұрақты әрі толық көлемде** төлеу.

Қазақстанда бір жыл ішіндегі МЗЖ төлеудің орташа тұрақтылық көрсеткіші біртіндеп өсіп келеді:

- **жалдамалы қызметкерлер** арасында бұл көрсеткіш 2024 жылғы 8,95 жарнадан 2025 жылы 8,98 жарнаға дейін өсті;

- **өзін-өзі жұмыспен қамтығандар** арасында 7,36-дан 7,53 жарнаға дейін артты.

Бұл ретте 2025 жылы **жалдамалы қызметкерлердің 80%-ы** және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың 64%-ы зейнетақы жарналарын жылына **6-дан 12 ретке** дейін аударған.

2025 жылы **жарналардың орташа мөлшері жалдамалы қызметкерлер** арасында **43 661 теңгені** құрады. Бұл республика бойынша орташа жалақы деңгейіндегі табыстан төленетін жарна мөлшерімен үйлеседі. **Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар** арасында бұл көрсеткіш **23 225 теңге** болды, бұл ең төменгі жалақыдан жоғары, алайда медиандық жалақыдан төмен табыстан төленетін жарнаны көрсетеді.

Ұзақ мерзімді динамика да халықты ЖЗЖ-мен қамту деңгейінің және МЗЖ төлеу тәртібінің біртіндеп жақсарып келе жатқанын көрсетеді. Егер 2015 жылы МЗЖ есепке алынатын белсенді шоттардың саны **6,07 млн.** болса, 2025 жылы олардың саны **7,20 млн-нан** асты.Жарналарды жылына 6-дан 12 ретке дейін төлейтін азаматтардың үлесі 2015 жылғы 71%-дан 2025 жылы 78%-ға дейін өсті. Тиісінше, жарналарды жүйелі түрде емес, яғни жылына 1-ден 5 ретке дейін аударатын азаматтардың үлесі 29%-дан 22%-ға дейін төмендеді.

Зейнетақы жарналарының салымшылар табысының деңгейіне тәуелділігі

Салымшылардың табыс деңгейіне қарай МЗЖ есепке алынатын белсенді жеке шоттардың құрылымында да оң өзгерістер байқалады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша (2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай) ең төменгі жалақыдан (ЕТЖ) төмен табыстан жарна төленетін шоттардың

ҚОҒАМДЫҚ ПІКІР ЗЕРТТЕУІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНАН ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТЕДІ

Қоғамдық пікірді нақтылау мынаны көрсетті:

Сауалнамға қатысқандардың 48,8%-ы сайлаудың әділ өтетініне сенімді.

Респонденттердің 43,3%-ы Құрылтайға сайланатын депутаттар азаматтардың мүддесін қорғайды деп күтеді.

Респонденттердің 35,9%-ы жаңа депутаттардың келуімен халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарады деп санайды.

23,8%-ы – жаңа депутаттар саяси мәдениет деңгейінің жоғарылауына ықпал етеді деп сенеді.

Азаматтардың 22,3%-ы депутаттардың халыққа жақын болуын және өз сайлаушыларымен ашық сөйлесуін қалайды.

(респонденттер бірнеше жауап нұсқасын таңдау мүмкіндігіне ие болғандықтан, жауаптардың жиынтық көрсеткіші 100%-дан асады).

Бесінші. «Қазақстандағы саяси партия тиімді қызмет етуі үшін ең алдымен не істеуі керек?» деген сұраққа респонденттердің жауаптарын тізбелесек.

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛЫП ЖАТЫРМЫЗ



«Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және интернет кеңістігіндегі алаяқтықтың алдын алу мақсатында Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері өңірге танымал блогер Ерсұлтан Байжановпен бірлесіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Іс-шара барысында полиция қызметкерлері мен блогер халық көп шоғырланатын орындарда тұрғындармен кездесіп, интернет алаяқтарының кең таралған тәсілдері туралы түсіндірді. Сондай-ақ азаматтарға жеке және банктік деректерді қорғау, күмәнді сілтемелерге өтпеу, бейтаныс нөмірлерден келетін қоңырауларға сақтықпен қарау және

Полиция азаматтарды өздерінің банк карталарын, шоттарын және банк қосымшаларына қатысты деректерді бөгде адамдарға бермеуге шақырады. Күмәнді ұсыныстарға сенбей, кез келген қаржылық операцияға барынша сақтықпен қарау қажет.

Полиция интернет алаяқтықтың алдын алу бағытындағы түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жалғастырады.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

МЕНШІК ИЕСІ:			
«Желтоқсан и К» ЖШС	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс

СУ ТАРАТУ СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған кенті «МАИ бекеті» шағын ауданындағы су тарату станциясын және қосылу тармағын пайдалануға беру рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада аймақ басшысы аудан тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтады.

- «Мемлекет басшысының тапсырмасымен, Бас прокуратураның ұйымдастыруымен 2025-2026 жылдары мемлекетке қайтарылған активтер есебінен өңірімізге 45 млрд. теңге қаржы бөлініп, 31 жоба іске асты. Оның ішінде Жаңақорған кентіндегі су тарату станциясын салуға 1,1 млрд. теңге қаржы бөлініп, жұмыс толық аяқталды. Нәтижесінде, 1500-ге жуық үй сапалы ауызсумен қамтылып, тұрғындар қуанышқа кенеліп жатыр.



Мемлекет басшысына, Бас прокуратураға аймағымыздағы ауқымды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткені үшін Сыр жұртшылығы атынан алғысымды білдіремін!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Жаңақорған кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Серхожа Ыдырысов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және су тарату станциясы құрылысын сапалы жүргізген мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Бүгінде облыс тұрғындары 100 пайыз орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтылған. Жыл соңына дейін 10 елді мекен газдандырылып, қамту деңгейі 85 пайыз болады.

Бұдан бөлек, үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақса-

тында 6 200-ден астам пәтер беру жоспарлануда. Облыс бойынша 141 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өткізіліп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95,5 пайызға жеткізіледі.

Соңғы төрт жылда Президенттің, Үкіметтің ерекше қолдауымен өңір бюджеті 809 млрд. теңге болып, екі есе өсті. Ал даму бюджеті 4,3 есе артты.

Бұл қаражат аймақтың ең өзекті мәселелерін шешуге, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталды.

«БЕКАРЫС-АГРОФУД» МАЛЫ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған ауданына жұмыс сапары кезінде «Бекарыс-Агрофуд» ЖШС асылтұқымды мал шаруашылығының жұмысымен танысты.

Серіктестік негізінен мал және егін шаруашылығымен айналысады. Қазіргі уақытта 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған, 1 000 басқа арналған бордақылау алаңы және тәулігіне 10 бас мал соятын пункт бар.

Бүгінде шаруашылықта 864 бас ірі қара, 300 бас жылқы, 4 077 бас қой, 211 бас түйе және 668 бас асылтұқымды ірі қара өсірілуде.

Сонымен қатар 1 500 гектар жайылымдық және 300 гектар суармалы жерге иелік етеді. Биыл шаруалар 67 гектарға күріш, 50 гектарға күздік бидай және 50 гектарға жоңышқа екті.

Аймақ басшысы шаруашылықтың өндірістік әлеуетімен танысып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.



Жаңақорған – ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқан аудандардың бірі. Биыл диқандар 36 077 гектар жерге егін ексе, оның 6 756 гектары күріш.

Жыл басынан бері салада өндірілген жалпы өнім көлемі 7 млрд. 427 млн. теңгеге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,5 пайыз болды.

Егіс алқаптарын әртараптандыру мақсатында күріш көлемі 600

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚҰРМЕТТІ БОЛҒАН КҮН...



Қызылорданың орталығында» Құрылысшылар күніне арналған салтанатты шара өтті.

Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен сала ардагерлері қатысты.

Аймақ басшысы құрылысшылардың өңірді дамытудағы еселі еңбектерін жоғары бағалады.

- «Баршаңызды кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Құрылысшы – қоғамдағы ең қадірлі, ең жасампаз мамандықтардың бірі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Елімізде неғұрлым құрылыс көп болса, Қазақстан да соғұрлым өркендей береді. Ең алдымен, бұл – негізгі инфрақұрылымға қатысты мақсат. Біз теміржолдарды, автожолдарды, әуежайларды, вокзалдарды, сумен қамтамасыз ететін ірі құрылыстарды, өндіріс және өнім кәсіпорындарын, қала ғимараттарын және тағы басқа нысандарды жоғары қарқынмен салуымыз керек» деген болатын.

Сыр бойындағы құрылыс шежіресінің тамыры тереңде жатыр. Көне Шірік Рабат, Сығанақ пен Жанкент шаһарларынан бастау алған сәулет өнерінің дәстүрі бүгінгі заманауи құрылыспен сабақтасады.

Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен Сыр өңірі қарқынды құрылыс алаңына айналды.

Аймағымызда 2022 жылдан бері 270-тен астам әлеуметтік нысан салынып, 46 білім беру, 45 денсаулық сақтау, 22 мәдениет, 27 спорт нысаны халық игілігіне берілді.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қорқыт Ата әуежайының жаңа терминалы, заманауи үлгідегі автовокзал ғимараты іске қосылды. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының, жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен Қызылорда теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Президентіміздің тапсырмасымен барлық аудандағы теміржол вокзалдары қайта жаңғыртылды.

Биыл 28 жобаның құрылысына бюджеттен 177 млрд. теңге бөлінді.

Аймақта тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған жобалар нәтижелі іске асуда. Соңғы төрт жылда 7600 пәтер беріліп, 30 мыңнан астам тұрғын баспаналы болды.

2026-2027 жылдары 6200-ден астам пәтер табыстау, 25 мыңға жуық тұрғынның баспана мәселесін шешу жоспарланған. Оның 1200 пәтері аудан орталықтарында салынып жатыр.

Жыл соңына дейін құрылыс жұмыстарының нақты орындалған көлемін 369 млрд. теңгеге жеткізу көзделуде.

Жақында ғана Президенттің қатысуымен стратегиялық инфрақұрылымдық жобалардың бірі - «Қызылорда – Сексеуіл», «Ұлғайсын – Сексеуіл» және «Бейнеу – Сексеуіл» автокөлік жолдарының құрылысы ресми түрде бастау алды.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясының демеушілігімен 2,9 млрд. теңгеге жуық қаржыға Жаңақорған, Шиелі аудандарында екі спорт кешені, ауылдық клуб пен емхана құрылысы биыл басталады.

БӘРІ БІР ОРТАЛЫҚҚА БІРІГЕДІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы және Түрікменстандағы тұрақты өкілі Андрей Михневті қабылдады.

Кездесуде тараптар цифрландыру саласын дамыту мәселелерін талқылады.

- «Мемлекет басшысы 2026 жылды «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялады. Осыған орай саланы дамытуда бірқатар бастама қолға алынды.

Маусым айында Астанадағы «Alem AI» халықаралық жасанды интеллект орталығына және бас шаһардың ахуалдық орталығына барып, ондағы жұмыспен таныстым. Сапар барысында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің, инновациялық жобаларды қолдау және Astana Smart City тәжірибесін қолданысқа енгізу мәселелері талқыланды.

Біздің аймақтағы цифрландыру бағытындағы нысандар әр жерде, атап айтқанда, өңірлік «Қызылорда хаб» Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің базасында, IT парктің стартаптары мен резиденттері облыстық жастар ресурстық орталығында, «109» және «112» қызметтері облыстық медициналық жедел жәрдем ғимаратында орналасқан.

Оған қоса Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес, Түпо инновациялық, «Tomotgow school» жасанды интеллект мектептерін ашу қажеттілігі туындап отыр.

Бүгінде жасанды интеллекттің экономиканың барлық саласына енгізу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп, еліміздегі алғашқы Жасанды интеллект институты өз жұмысын бастады. Бүгінде институтта 240 студент білім алуа. «Қызылорда хаб» оқыту орталығы соңғы үш жылда 48 стартап жобаны жүзеге асырып, 20 жаңа жұмыс орны ашылды. Қазіргі уақытта облыс бойынша 23 ақпараттық жүйе бар. «Электрондық үкіметтің» архитектуралық порталында 44 жүйе орналастырылған. Олар ақпараттық кәуіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді.

Осы орайда жалпы көлемі 5-10 мың шаршы метр болатын және барлық цифрландыру салаларын орталықтандыратын жаңа ғимараттың құрылысын бастау ұсынылды. Қазіргі уақытта «BI group» компаниясы жобаның концепциясын әзірлеуде. Қала әкімдігі жер учаскесін бөлу мәселесін қарап жатыр. Жоба құрылысына шамамен 10 млрд. теңге инвестиция тарту жоспарлануда.

Біз Дүниежүзілік банктің осы жобаға қатысу мүмкіндігін талқылауға және Сіздердің ұсыныстарыңызды тыңдауға дайынбыз. Алдағы уақытта да өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыратынымызға сенімдімін», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

«ЖАСЫЛ ЕЛ» ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ – “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” САРБАЗЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында Қорқыт ата аллеясында сенбілікке атсалысып жатқан «Жасыл ел» еңбек жасақтарының сарбаздарымен кездесті.

Аймақ басшысы табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау өркеніетті қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

- «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында өңірімізде ауқымды жұмыс атқарылуа.

Шілде айының басында күшіне енген халықтық Конституцияда табиғатты қорғау, қоршаған ортаға ұқыпты қарау қағидаты алғаш рет заң деңгейінде бекітілді. Ендігі жерде қоршаған ортаға жанашырлық таныту – әрбір азаматтың конституциялық парызы.

Қызылорда қаласындағы орталық аба, қалалық мәдени-демалыс паркі, Президент саябағы, бүгінгі сенбілік өтіп жатқан Қорқыт Ата саябағының



жанаша келбетке енуі – өңіріміздің әлеуметтік инфрақұрылымын жаңғыртуға бағытталған жүйелі саясаттың жемісі.

Осындай игі істердің бел ортасында әрдайым «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары жүреді. «Жасыл ел» – маусымдық жұмыс емес, жастарды еңбекке баулитын, елжандылыққа тәрбиелейтін, қоғамдық жауапкершілікті қалыптастыратын үлкен азаматтық мектеп. Бұл жоба арқылы мыңдаған жас алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтап, туған жердің дамуына сүбелі үлесін қосып келеді.

Биыл жобаға 21 жыл толды. Осы уақыт ішінде «Жасыл ел» өз тиімділігін дәлелдеп, жастар саясатының ең табысты жобаларының біріне айналды. Туған өлкеміздің тазалығы мен көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін!», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Сенбілікте аймақ басшысы жастармен экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөнінде еркін пікір алмасты.

"АБДУЛЛАНЫҢ" ҚҰС ФАБРИКАСЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Жаңақорған ауданындағы «Абдулла» шаруа қожалығы құс фабрикасының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Рәсімде аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, жүзеге асып жатқан ауқымды жобаларды атап өтті.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен, еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын.

Бүгінде Жаңақорған ауданында тұрғындарымыздың өлауқатын арттыруға бағытталған бастамалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі – «Абдулла» шаруа қожалығы құс фабрикасының ашылу рәсіміне куә болып отырмыз.

Өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн. 900 млрд теңгеге 48 инвестициялық жоба іске қосылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылды. Соның ішінде, биыл 100 млрд. теңгенің 21 жобасын іске қосу жоспарланған.

Кәсіпорын құрылысына 5,5 млрд. теңге бөлінген, жылына 6 мың тоннаға жуық құс етін өндіреді. Өнімі аймағымыздан бөлек, көрші облыстарға да

жеткізіледі. Мұнда 120 адам жұмыспен қамтылады. Осындай маңызды жобаны Жаңақорған ауданында жүзеге асырғаны



үшін жеке инвесторға зор ризашылығымды білдіремін.

Бұдан бөлек мемлекетке қайтарылған активтер есебінен 1,1 млрд. теңгеге салынған су тарату станциясы пайдалануға беріледі.

Шарада Жаңақорған аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Өмірсерік Исабекұлы және құс фабрикасын салуға атсалысқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Фабрика аумағында 12 қора, құс соятын, балапан ашатын цехтар, әкімшілік, техникалық қызмет көрсету ғимараты орналасқан.

облысымыздың, әсіресе Жаңақорған ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал етеді. Баршаңызды құс

Аудан жаңалықтары

ҚАЗАЛЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов кезектілікке сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Қабылдауға келген 25 тұрғын аудан басшысына өтініш-тілектерін жеке-жеке жеткізіп, мәселелерінің оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Тұрғындардың басым көпшілігі тұрғын үй кезегі және тұрақты жұмысқа орналасу мәселелерін көтерді. Сондай-ақ Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласындағы бірқатар көшелерді асфальттау, жарықшамдар орнату, жеке тұрғын үйді газ бен ауыз сумен қамту және денсаулық жағдайына байланысты көмек сұраған азаматтар да болды.

Аудан әкімі әрбір тұрғынның мәселесін жіті тыңдап, тиісінше түсініктеме берді. Сондай-ақ, көтерілген мәселелерді зерттеп, заңдылыққа сәйкес шешу жолдарын қарастыру жөнінде жауапты сала басшыларына нақты тапсырма жүктеді. Ал көшелерді асфальттау, жарықшамдар орнату бойынша ауданда кезектілікке сәйкес бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылып жатқандығын жеткізді. Әйтеке би кентіндегі Маметова



көшесін түнгі жарықшамдармен қамтуды сұраған тұрғынның өтінішіне сәйкес кент әкіміне алдағы уақытта көшені жарықтандыру бойынша тиісті жұмыстарды қолға алуды тапсырды.

Қабылдау барысында жұмыссыздық мәселесін көтерген тұрғындарға аудан бойынша қазіргі таңдағы бос

жұмыс орындарын ұсына отырып, мамандықтарына сәйкес сұраныс болған жағдайда тиісті жұмыс орындарына кезектілікпен жіберілетіндігі түсіндірілді. Бұл ретте аудан әкімі тиісті сала басшыларына жұмыс сұраған азаматтармен байланысып, заңдылыққа сәйкес жұмыс жасауды ескертті.

ЖАЛАҒАШ ӘКІМ ӘУЛИЕГЕ БАРДЫ



Аудан әкімі Ардақ Ибраимов зиялы қауым өкілдері және аудан ардагерлерімен бірге киелі Мәмбет әулиенің ұйтамына барып, тарихи нысанды күтіп-ұстау және абаттандыру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Мәмбет әулие Олжабайұлы XIX ғасырда өмір сүрген атақты ұста, көріпкел әулие. Небәрі 22 жылға созылған қысқа жұмырында әулие атанып, атағы бүкіл Сыр бойына тараған.

Сапар барысында тарихи-киелі орынның қазіргі жағдайы қаралып, ардагерлермен бірге киелі орынды абаттандыру жұмыстарын жүргізу мәселесі талқыланды. Аудан әкімі киелі орынның тарихи келбетін сақтай отырып, оны күтіп-ұстау жұмыстарын сапалы ұйымдастыруды жауапты сала басшыларына тапсырды.

АРАЛ ЖАСАНДЫ САНА МЕКТЕПKE ЕНДІ

Ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен әкімдік мәжілісі өтіп, онда бірқатар мәселелер қаралды.

Мәжілісте цифрландыру және жасанды интеллект бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аударылып, мемлекеттік қызмет көрсету барысында орын алған заң бұзушылықтарды болдырмау, мамандардың біліктілігін арттыру және мемлекеттік қызметтердің сапасын қатаң бақылау сынды бірқатар мәселелер пысықталды.

Білім беру саласында Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жасанды интеллектіні орта білім беру жүйесіне енгізу бойынша пилоттық жобаға Арал ауданында 3 мектеп енгізілгенін айтқан аудан басшысы жауапты тұлғаларға жобаның сапалы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді.

Сонымен қатар жаңа оқу жылына және жылу маусымына

дайындық мәселесі де басты назарда болды. Білім беру ұйымдарындағы жөндеу жұмыстарының сапалы әрі уақытылы аяқталуы жиында сөз болып, бұл мәселе бойынша аудан басшысы қатаң бақылау болатынын ескертті.

Мәжілісте тұрғындардың өтініштерін қарау, еңбек ұжымдарындағы жұмысшылардың құқықтарын қорғау және медициналық қызмет көрсету сапасы мәселелері де көтерілді.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі Аманжол Сақыпұлы көтерілген әрбір мәселенің сапалы орындалуы басты назарда болатынын алға тартып, жауапты сала басшылары мен қалағ кент, ауылдық округ әкімдеріне барлық тапсырмаларды белгіленген мерзімде және сапалы орындау, туындауы мүмкін мәселелердің алдын алу жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

ӘРДАЙЫМ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР

Тамыз айының әр екінші жексенбісінде елімізде Құрылысшылар күні атап өтілді. Кәсіби мерекеге орай «Руханият» орталығында аудан әкімі Ғалымжан Жаркынбектің қатысуымен «Ел игілігін еселеген құрылысшылар» атты салтанатты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды.

Аудан басшысы сала құрылысшылары мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, ауданның өркендеуіне қосып жүрген сүбелі үлестері үшін ризашылығын білдірді.

– “Құрылыс – кез келген өңірдің даму қарқынын айқындайтын маңызды салалардың бірі. Елдің өртені үшін бой көтерген әрбір ғимарат – құрылысшылардың адал еңбегі мен кәсіби шеберлігінің жемісі. Сондықтан құрылысшы мамандығы әрдайым зор құрметке лайық.

Бүгінде Мемлекет басшысының және Үкіметтің жан-жақты қолдауының арқасында Сыр өңірі ауқымды құрылыс алаңына айналып отыр. Бұл он өзгерістер біздің ауданымызда да өз жалғасын тауып, құрылыс жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Осындай маңызды жобалардың барлығында Сіздердің маңдай терлеріңіз бен кәсіби еңбектеріңіздің ізі жатыр. Осы мерейлі мереке қарсаңында ауданымыздың өсіп-өркендеуіне және құрылыс саласының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Баршаныңа зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін”, – деді аудан басшысы.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 170 пайызға өсіп, 36 мыңнан астам шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Соңғы төрт жыл ішінде жалпы құны 21,8 миллиард теңгені құрайтын 20 әлеуметтік нысанның құрылысы аяқталып, ел игілігіне қызмет етуде. Сонымен қатар әлеуметтік саладағы құрылыс қарқыны жылдан-жылға артып келеді. Соңғы үш жылда 3,6 миллиард теңге қаржыға әлеуметтік жағынан осал топтарға арналған 254 пәтер салынып, тұрғындарға табысталды. Ал биыл 4 пәтерлі 50 тұрғын үйді құрылыс қарқынды жүргізілуде.

Іс-шара саланың үздік өкілдерін құрметтеумен жалғасты. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрмет грамотасымен сала ардагерлері Ерсімбай Қабылбаев пен Ербол Сарсенов, министрліктің Алғыс хатымен «ДДА» ЖШС директоры Данияр Досантаев және аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің сектор меңгерушісі Шыңғыс Маханұлы марапатталды.

Сондай-ақ ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар сала мамандарына Қызылорда облысының Құрмет грамотасы, облыс және аудан әкімдерінің, салалық басқарманың Алғыс хаттары және «Жаңақорған ауданының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі табысталды.

Мерекелік шара аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен қорытындыланды.

ҚАРМАҚШЫ

ҮЗДІКТЕРГЕ ҚҰРМЕТ ПЕН АЛҒЫС



Жалпы соңғы үш жылда аудан бойынша жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 49,3 млрд теңгені құрап отыр. Дүр Оңғар, Ақжар және Тұрмағамбет ауылдарында дәрігерлік амбулаториялар, Қармақшы және Қуандария ауылдарында фельдшерлік-акушерлік бекеттер пайдалануға берілсе, аудан тұрғындарының рухани өміріне серпін берген «Руханият» орталығы ел игілігіне қызмет етуде.

Сонымен қатар Жосалы кенті мен Ақай, III Интернационал және Дүр Оңғар ауылдарында жаңа спорт кешендері салынды. Байқоңыр қаласында бой көтеріп жатқан заманауи спорт кешенінің құрылысы да аяқталуға жақын. Қазір Жосалы және Төретам теміржол вокзалдарын күрделі жөндеу, Байқоңыр қаласының

сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін жаңғырту, тұрғын үй құрылысы, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, сондай-ақ ауылдық елді мекендерді электр және газ желілерімен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жалғасуда.

Қабылдау барысында құрылыс саласының өркендеуі мен көпжылдық адал еңбегі үшін бірқатар сала ардагерлеріне аудан әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Мерекелік жиында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Мерекөв, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы Әбдірахман Құлдүйсенов және сала ардагері Аккүліш Алтаева сөз сөйлеп, құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Қандай нысан салынса да, оның сапасы мен халық игілігіне ұзақ жылдар қызмет етуі – басты талап. Сондықтан құрылысшылардың жауапкершілігі де ерекше. Алдағы уақытта да ауданымыздың инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жобалар жүйелі түрде жалғастырына сенемін, – деп аудан басшысы жиынды қорытындылады.

2340 ЖҰМЫС ОРНЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ



Жаңақорған ауданында инвестиция тарту, жаңа өндірістерді іске қосу және тұрақты жұмыс орындарын ашу бағытындағы жұмыстар қарқынды жүруде.

Ауданға арнайы сапармен келген облыс әкімінің орынбасары Нұриддин Аманқұл аудан әкімі Ғалымжан Жаркынбекпен бірге бірқатар ірі өндірістік және инвестициялық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. Алдымен жақында іске қосылған «Абдулла» шаруа қожалығының құс фабрикасы таныстырылды. Құны 5,5 млрд. теңге болатын кәсіпорын жылына 5,5 мың тонна құс етін өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде мұнда 120 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл – ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіріп қана қоймай, оны өңдеу бағытындағы мүмкіндіктердің де артып келе жатқанын көрсететін жобалардың бірі.

Одан кейін облыс әкімінің орынбасары Шалқия кентіндегі бірқатар ірі өндірістік жобалардың жүзеге асу барысымен танысты.

Солардың бірі – «СП Қызылорда цемент» ЖШС-нің цемент зауыты. Жобаның

ЖАҢА СПОРТ АЛАҢЫ АШЫЛДЫ

Қазалы қаласында қала жастарының бастамасымен жаңа спорт алаңы пайдалануға берілді.

Жаңа спорт нысанының ашылу салтанатына аудан әкімі Алмасбек Есмаханов қатысып, тұрғындар мен спортсүйер қауымды игі бастаманың жүзеге асуымен құттықтады.

Аудан әкімі өз сөзінде бұқаралық спортты дамыту, жастарды салауатты өмір салтына баулу бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, туған жерге жанашырлық танытып, ел игілігі үшін бас қосқан Қазалы қаласының азаматтарына алғысын білдірді.

–Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа жасаған Жолдауларында бұқаралық спортты дамыту, жастарды салауатты өмір салтына баулу мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Биылғы жылдың өзінде ауданымызда Президентіміздің, Үкіметтің және облыс әкімінің ерекше қолдауымен «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Бекарыстан би ауылында жаңа спорт кешені пайдалануға берілсе, жуық арада ғана облыс әкімі Мұрат Нелқожаұлының қатысуымен Әйтеке би кенті мен Қожабақы ауылында заманауи спорт кешендері ел игілігіне пайдалануға берілді. Бұдан бөлек маусым айында аудан орталығы – Әйтеке би кентінде 2 спорт алаңы ашылды. Бүгін осындай игі істер тағы да жалғасын табуда. Мұның барлығы — балаларымыздың дені сау әрі елжанды азамат болып қалыптасуы үшін жасалып жатқан игі істер, - деді аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы.

Мұнан кейін спорт алаңын салуға атсалысқан бірқатар азаматтар аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жаңа спорт алаңының ашылуында Мәлік Тілеп ақсақал ақ батасын беріп, игі бастамаға ізгі тілепін жеткізді.

Спорт алаңының ашылу салтанаты әрі қарай қала жастары арасында шағын футболдан ұйымдастырылған турнирге ұласты.

СЫРДАРΙΑ ЦИФРЛЫҚ МҮМКІНДІКЕР – ҚЫЗМЕТ САПАСЫ

Ауданы әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен аудан әкімдігінің мәжілісі өтті. Мәжілісте жасанды интеллект негізінде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің эжойесіне қатысты мәселе талқыланды.

Аудан басшысы тұрғындарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, цифрлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану және азаматтардың өтініштерін сапалы әрі белгіленген мерзімде қарау басты басымдықтардың бірі екенін атап өтті.

– Мемлекеттік қызмет көрсету – халықпен тікелей жұмыс істеудің маңызды тетігі. Сондықтан әрбір қызмет сапалы, қолжетімді әрі белгіленген мерзімде көрсетілуі тиіс. Заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру қажет, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Жиында мемлекеттік органдар көрсететін қызметтердің сапасын тұрақты бақылауда ұстау, тұрғындардан келіп түсетін өтініштерді белгіленген мерзімде қарау және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар қосымша мәселелер қаралып, жауапты сала басшыларына нақты міндеттер жүктелді.



ЖАҢАҚОРҒАН

асуда. «Шалқия тас» ЖШС-нің асфальт және темірбетон өндіретін зауыттары іске қосылған. Екі жобаның жалпы құны 1,4 млрд. теңгені құрайды. Өндірістік қуаты жылына 2 мың тонна асфальт және 30 мың текше метр темірбетон өнімдерін өндіруге мүмкіндік береді. Кәсіпорындарда 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Бұдан бөлек «Shalkiya Minerals LLP» ЖШС-і минералды ұнтақ өндіру зауытын іске қосуды жоспарлап отыр. Құны 220 млн. теңгені құрайтын кәсіпорын жылына 30 мың тонна өнім өндіруге мүмкіндік береді. Жоба аясында 20 жұмыс орны ашылады. Сонымен қатар «Қуат керамзит» ЖШС-нің керамзит және керамзит блоктарын өндіру жобасы жүзеге асырылуда. Жоба құны 130 млн. теңге. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 3 млн. блок шығаруға есептелген.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу бағытында да жаңа өндіріс қолға алынуда.

Жаманбай батыр ауылдық округінің Кеңес ауылында «QazaqAgroProcessing» ЖШС томат пастасы мен көкөніс езбесін өндіретін кәсіпорын салуды жоспарлап отыр. Жобаның құны 3 млрд теңге. Кәсіпорын жылына 18 мың тонна томат пастасын өндіруге мүмкіндік береді.

Жалпы, таныстырылған 8 жобаның инвестициялық құны 534,85 млрд. теңгені құрайды. Жобалар толық жүзеге асқан жағдайда ауданда 2 340 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Жұмыс сапары барысында облыс әкімінің орынбасары инвестициялық жобаларды белгіленген мерзімде іске асыру, өндірістерге қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету және жобалардың аудан экономикасына беретін нақты тиімділігін арттыру бойынша тиісті тапсырмалар мен ұсыныстарын жеткізді.

ШИЕЛІ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков тиісті сала басшыларымен бірге аудан орталығында жүргізіліп жатқан жолдарды қайта жаңғырту жұмыстары барысымен танысты.

Шиелі кентіндегі Яссауи, Бәкіров, Есабыз және Байтұрсынов көшелерінің қиылысынан Шиелі кентіндегі К-4 каналы көпіріне дейінгі автомобиль жолдарын қайта жаңғырту мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу жобалары жүзеге асырылуда.

Жобаның жалпы құны 1 млрд. 520 млн. теңгені құрайды. Жаңғыртылатын автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4,04 шақырым.

Жобаның бас мердігері – «УАД» ЖШС, техникалық қадағалаушысы – «СК Энерго-ОЛ» ЖШС, ал авторлық қадағалаушы мекеме – «СпецМонтажСтрой LTD» ЖШС.

Жоба аясында Яссауи көшесі төрт жолақты болып қайта жаңғыртылады.

Сонымен қатар жоба толық аяқталғаннан кейін аталған көшелер заманауи талаптарға сай жаңартылып, жолдың жүріс бөлігі абаттандырылады, жол бойына заманауи аялдамалар орнатылатын болады. Сондай-ақ жол белгілері, жол таңбалары және көше жарықтандыру шамдары толықтай жаңартылатын болады.

Жұмыс барысымен танысқан аудан әкімі мердігер мекемеге құрылыс жұмыстарының сапасын қатаң бақылауда ұстап, белгіленген мерзімде аяқтау жөнінде нақты тапсырмалар берді.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ ҚАЛЫПТАСТЫ

Қызылорда қаласында жыл санап инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған жобалардың көлемі айтарлықтай артып келеді. Биылғы көрсеткіш те жоғары межені бағындырып тұр. Атап айтқанда, жол-көлік жүйесі, коммуналдық желілер, қоғамдық кеңістіктер, тұрғын үй ғимараттары мен балаларға арналған әлеуметтік нысандар құрылысы қарқынды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы А. Әнуардың брифингінде осы бағытта 2026 жылдың алғашқы алты айында атқарылған жұмыстардың қорытындысы жарияланып, алдағы кезеңнің міндеттері айқындалды.

Жалпы қаланың даму қарқынын сырттай бақылағанда жаңа ғимараттар мен абаттандырылған аумақтар көзге бірден ілігеді. Яғни, әрбір тұрғынның үйінен жұмысына дейінгі жолының жайлылығы, ауыз су мен ыстық судың үздіксіз берілуі, ауланың қауіпсіздігі, қоғамдық кеңістіктің қолжетімділігі және инженерлік инфрақұрылымның тұрақтылығы анық байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, биыл Қызылордада жүзеге асырылып жатқан жобалардың басым бөлігі тұрғындардың күнделікті қажеттілігімен тікелей байланысты екенін бағамдауға болады.

Бөлім басшысы А. Әнуардың айтуынша, есепті кезеңде жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, қала аумағын абаттандыру, инженерлік-коммуналдық желілерді жаңғырту, тұрғын үй құрылысы және қоғамдық кеңістіктерді дамыту бағытында жүйелі жұмыстар кезең-кезеңімен атқарылып келеді.

ЖОЛ САПАСЫ ЖОҒАРЫ

Қаланың экономикалық және әлеуметтік тынысы ең алдымен жол сапасына байланысты екені белгілі. Өйткені жол тек көлік жүретін нысан емес, шаһардың барлық аумағын байланыстыратын негізгі инфрақұрылым ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда биыл қалада жалпы құны 34 млрд. 815,5 млн. теңгені құрайтын 7 ірі жоба іске асырылуда екен. Атап айтқанда, олардың қатарында 1 көпір құрылысы, жаңа автомобиль жолы және жалпы ұзындығы 43,4 шақырым болатын 39 көшені қайта жаңғырту мен күрделі жөндеу жұмыстары бар. Бұл бір жылдың көлемінде жол инфрақұрылымына бағытталған ауқымды жұмыстың айқын көрінісі деуге болады.

“БӘЙТЕРЕК” ПЕН ҚАЛАНЫ ЖАЛҒАЙТЫН КӨПІР

Қызылорда қаласындағы «Бәйтерек» тұрғын ауданына қатынасты жақсарту мақсатында Қызылжарма каналы арқылы өтетін жаңа көпірдің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 56 метрді құрайтын көпірдің құрылысын мердігер мекеме «Асанас Дар» ЖШС жүзеге асыруда. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 95 пайызы аяқталды. Жаңа көпір тұрғындардың қауіпсіз, әрі қолайлы қатынасын қамтамасыз етіп, «Бәйтерек» тұрғын ауданының көлік инфрақұрылымын жақсартуға серпін бермек.

Соның ішінде бөлім басшысы атап өткен маңызды жобалардың бірі – Бәйтерек ауданындағы ОМК арқылы өтетін көпір құрылысының мәні зор. Қазір құрылыс жұмыстарының 65 пайызы орындалған. Нысанды биыл қыркүйек айында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Аталмыш көпірдің іске қосылуы бірінші кезекте қаланың көлік қозғалысын реттеуге және жекелеген бағыттардағы жүктемені азайтуға мүмкіндік береді деп отыр. Өсіресе жаңа тұрғын аудандардың қалыптасуы мен қала аумағының кеңеюі жағдайында мұндай нысандардың маңызы арта түсері анық.

Сонымен бірге Сырдария өзені арқылы Астана мөлтек ауданынан Президент саябағына дейін жаяу жүргіншілер көпірін салу жобасы да күн тәртібінен түскен емес. Бұл жоба аясында жобалық-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Қазір мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде. Мердігер анықталғаннан кейін құрылыс жұмыстарын бастау көзделуде. Осы

орайда айта кету керек, аталмыш жоба қаланың екі бөлігін жаяу жүргіншілер үшін байланыстырып қана қоймай, өзен жағалауын қоғамдық кеңістік ретінде пайдаланудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыратын болады.

ҚАЛАДА 39 КӨШЕ ЖАҢАРАДЫ

Қызылордада қала көшелерін күрделі жөндеу жобасы да жоғары қарқынға ие. Брифингте бұл бағытта да ауқымды істер атқарылып жатқаны жария болды. Бұл ретте биыл 24 көшеде күрделі және жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Бүгінде бірқатар нысандарда осы бағыттағы жұмыстар толық аяқталса, кейбір көшелерде құрылыс қарқыны әлі де толастаған емес. Қалған нысандардағы жұмыстар кезең-кезеңімен қолға алынады деп отыр.

Атап айтқанда, бүгінде қаладағы Сағымбаев көшесін қайта жаңғырту жұмыстарының 65 пайызы, ал Назарбаев даңғылы, А.Иманов, Бозғұл-1, Наурыз және Ш.Есенов көшелеріндегі жұмыстардың 60 пайызы орындалған. Сол сияқты Президент саябағына кіреберіс автомобиль жолы мен автотұрақ құрылысы бойынша да нәтиже жоғары. Мұнда жұмыстардың 90 пайызы аяқталған. Бұған қоса, қала көшелерін салу жобасы аясында 45 көшеге 88 мың шаршы метрден астам асфальт төселген. Қолданыстағы жолдарды күтіп-ұстау мақсатында 90 мың шаршы метр асфальт жабындысы жөндеуден өткен. Бұл көрсеткіштің өзі қала жолдарының қаншалықты үлкен аумақты қамтитынын аңғартады.

Бөлім басшысы жол инфрақұрылымын жаңғырту мұнымен шектелмейтінін атап өтті. Қазіргі уақытта

аймақтары, амфитеатр, фудкорттар мен велосипед жолдары орналасқан.

Саябақтың жасыл желекпен көмкеру жұмыстары да назардан тыс емес. Мұнда 2 мыңнан астам ағаш, 53 мыңнан астам бұта және 54 мыңнан астам көпжылдық гүл отырғызылыпты. Сондай-ақ, 2,7 гектар аумаққа газон төселген. Жасыл желектерді суару автоматтандырылған жүйе арқылы жүргізіледі екен.

Келешекте нысанды күтіп-ұстау, көгалдың сақталуы, санитарлық тазалық, қауіпсіздік және тұрғындардың тұрақты пайдалану мүмкіндігі басты міндет саналады.

Сонымен қатар қаладағы әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуда балалардың демалысына арналған жаңа тынығу лагерінің салынуы жоғары маңызға ие.

Жалпы құны 9,9 млрд. теңге болатын лагерьде спорт көшені, тұрғын блоктар,

КАНАЛ ЖАҢҒЫРЫП ЖАТЫР



Қызылорданың «Қызылжарма» каналын бетондау жобасы аясында су арнасы бойындағы көпірлер де қайта жаңғыртылуда. Құрылысты мердігер мекеме «Бақ-Береке 2023» ЖШС жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда кестедегі жұмыстардың 65 пайызы орындалды.

мәдени-демалыс орталығы, бассейн, әмбебап спорт залы және басқа да әлеуметтік нысандар қарастырылған. Нысанның жалпы сыйымдылығы 308 баланы құрайды.



ыстық су жүйесі әрбір тұрғынның тұрмысын жеңілдететін маңызды қызмет болғанымен, оған қосылу үшін үй ішіндегі инженерлік жүйелердің

элементтерінің сапасы, қауіпсіздігі, жарықтандырылуы, қоршауы және алаңның күтімі жобаның басты талаптарының бірі ретінде қатаң сұралады.

Сонымен қатар тұрғындардың өздері ұсынатын жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында 368,1 млн. теңге қаралып, үш жоба бойынша мемлекеттік сатып алу рәсімдері аяқталыпты. Бұл бастама бірінші кезекте қала тұрғындарының өз аумағын дамытуына жол ашады. Яғни инфрақұрылым мәселесін тұрғындардың нақты сұранысына сай шешу тетігі қалыптасып келеді.

ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТЫҢ ЖҮГІ АУЫР

Қала аумағында бірінші жарты-жылдықтағы нәтижелермен қатар жылдың қалған бөлігіне жоспарланған жұмыстар да аз емес.

А. Әнуардың айтуынша, ең алдымен барлық өтпелі жол құрылыстары мен қайта жаңғырту жобаларын белгіленген мерзімде аяқтау міндеті тұр. Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үйлерді орталықтандырылған ыстық су жүйесіне кезең-кезеңімен қосу да жалғасады. Сол сияқты жолдардың сапасын арттыру, жаңа жобаларды қаржыландыру мәселесін шешу және қаланың инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымын одан әрі жаңғырту да жоспарда тұр.

Бұл міндеттердің қай-қайсысы да қаланың тұрақты дамуы бағытында жоғары мәнге ие. Ең бастысы, әрбір жобаны жоғары сапа мен белгіленген мерзімде аяқтау талабы қойылады. Яғни қала тұрғындары үшін жобаның басталуымен қатар, сәтті аяқталуы мен сапа тұрғысынан жоғары нәтиже көрсетуі маңызды.

Жалпы Қызылордада биыл инфрақұрылымдық жобаларға айтарлықтай қаражат бағытталғаны байқалады. Атап айтқанда жолға 34,8 млрд. теңге, Президент саябағына 14,6 млрд. теңге, балалар тынығу лагеріне 9,9 млрд. теңге, Ботаникалық баққа 4,9 млрд. теңге, тұрғын үй қасбеттеріне 1,04 млрд. теңге, ойын алаңдарына 1,9 млрд. теңге қарастырылған.

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КӨШЕ АРЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, қала әкімі Нұржан Ахатов және жауапты сала басшылары Қызылорда қаласындағы нысандарды аралап, арық жүйелеріне су жеткізу, тазалау және абаттандыру жұмыстарын тексерді.

Алдымен М.Шоқай, Ж.Абдрахманов көшелері мен Б.Шөкенов атындағы саябаққа барды.

Бүгінде қала аумағында жалпы ұзындығы 98,6 шақырым 68 көшеде арық жүйесі бар, 4,4 шақырымға созылған үш көшеге ірі лоток, 68,6 шақырымдық 39 көшеге кіші лоток орнатылған.

Арық жүйелерін күтіп ұстау және қалпына келтіруге «Қызылорда тазалығы» мекемесінің жұмысшы тобы жұмылдырылған. Мамандар бекітілген жұмысты тұрақты жүргізуде.

Алдағы жоспар бойынша Қызылжарма каналы қайта жаңғыртылғаннан кейін насос қондырғыларын орнатып, бірқатар аумаққа аяқсу беру жоспарланған.

Бұдан бөлек Әйтеке би және Қазыбек би көшелеріндегі аяқсу жүйесін қалпына келтіру, насос арқылы су айналымын қамтамасыз ету көзделген. Сондай-ақ Бейбарыс сұлтан көшесі мен Н.Назарбаев даңғылынан М.Шоқай көшесіне дейінгі аралықтағы арық қалпына келтіріліп, аяқсу жүйесіне қосылады.

М.Шоқай, Е.Көшербаев және Жеңіс көшелерін аяқсумен қамтамасыз ету бағытында да тиісті жұмыстар қолға алынған.

Жауапты сала мамандары жұмысты белгіленген мерзімде, талапқа сай, сапалы етіп аяқтап, қаладағы аяқсумен қамту мәселесін тұрақты бақылауы керек.

Бұдан кейін аймақ басшысы тұрғындар жиі бас қосатын теміржол саябағына барды. Ондағы тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын тексеріп, нақты тапсырмалар берді.

Бұл қаржы көлемі қаланың материалдық инфрақұрылымын жаңартуға бағытталған жұмыстардың ауқымдылығын аңғартады. Ендігі кезекте басталған жобаларды сапалы аяқтау, жаңа нысандарды тиімді пайдалану, коммуналдық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету және тұрғындардың нақты сұранысына жауап беретін инфрақұрылым қалыптастыру міндеті жүктелді отыр.

Жалпы А.Әнуардың брифингінде айтылған деректерді саралай келе, қаланың жаңау қарқыны жоғары сипатта өрнек тауып келеді деп сенімді түрде айтуға негіз бар.

Е. ТАҒЫБЕРГЕНҰЛЫ



Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

«Ал, шырағым, - деген, елдің жігі ажыраған кезде маған қарап. - Сенің бұғаудан құтылуыңа, біздің шаңыраққа мейман тоқтауыңа себепші болған Сіләмбек мырза мәңгілік сапарға кетті. Аз күн дәмдес болдық. Басымызға қиындық түскен күні ерлігіңді танытып, қаншама жанды, мүмкін, рулы елді тұтасымен ажалдан, азаптан ара-шалап қалдың. Енді біз сенің Отаныңнан мүлде алыстап кетпекпіз. Менен рұқсат. Қалағаныңды ал, қайда жүрсең аман бол!»... «Көке! - дедім. - Бұл қай сөзіңіз? Мен осы үйдің баласымын деп жүрмін ғой. Егер ұлыңыз болуға татымасам, қонсыңыз болайын. Тым құрыса мал айдауға себім тиер...» Шал жылап жіберді. Мен көргенде ең алғаш және ең соңғы рет. Құшақтап, бауырына басты. Көшке дайындалып жатқан бүкіл елге жар салды. «Өлгенім тірілді, өшкенім жанды, - деген. - Бұл бала - жұрт тынышта айдауға кеткен, бары-жоғы белгісіз Ыбырай мырзаның тағдырлас бауыры, кешегі қырғында ел азаматтарымен бірге шөйіт болған Сіләмбек мырзаның сыңары - менің туған балам!» Салауат айтып, ту бие сойды. Мені құндақтап, төрге отырғызды. Қолыма келпаңдай асық жілік ұстатты. Атығай-қарауылдың екі жарылғалы тұрған игі жақсылары тегіс дәм тапқан. (Тікелей маған қатысты тағы бір рәсімдері бар екен, жол үсті болғандықтан кейінге қалдырылды). Мен ел ағасы Сыпатай мырзаның асыранды емес, туған ұлы болып шықтым. Бұдан былайғы жерде, ардан безген, көргенсіз біреу болмаса, ағайын-туғандар түгілі, көлденең қазақтың өзі жат көрмейді, сырттан сөз айту әдепке, кісілікке жатпайды, іштегі күмән дәстүрге сыймайды, тіпті, «асырап алыпты» деген сөздің өзі естіген адамға ауыр тимек; номадтың моральдық кодексі осындай.

Біз - қалың елмен қоштасқан, ежелгі мекенінен ауған отыз түңлік түстікке қарай үдере көштік. Терісаққанның бойы тіршілікке қолайлы еді, шөбі шүйгін, суы мол, жаз ортасына дейін ел отырған жұрттардың өзі сары теңбілденіп қана жатыр, бірақ босқан ауылдар қайтып келеді, артық жер жоқ, тіпті, ағайындар қағысып орын бергеннің өзінде бұл араның жайлы қоныс болмасы анық; не керек, Ұлытауға ілінген кезде ғана енгітімізді бастық, бірақ әкей бұл маңда да тұрақтауды мақұл көрмеді. Сылдыраған жыланшық жылға, қаптаған қасқа бұлақ, қайыңды, теректі ойпаңдар, белес-белес төбелер баурында ақшаққан үйлерін жамырата тігіп, мың сан малын жайғаған қалың бағаланып жарты өлемді басқан топан толқыны шарпымаған оқшау арал сияқты, шалқып тасып, болып-толып отыр. Патша жарлығы бұларға да жеткен, дүрбелең бар, бірақ қалың қазақтың қақ ортасындағы мәйекті жұртқа үрей жоқ, салмақ пен сабыр басым. Қоныстарының бір шалғайы осы Ұлытаумен шектес жатқан қыпшақ жаппай көтерілген екен, қаруланып, қалың әскер түзіпті дейді, бағаналының басы асау жігіттерінің біразы солай қарай аттанып кеткен сияқты, арты немен тынары белгісіз, бірақ жазалау отрядтары мына кең дала, жиын ел ішінде Қызылжар, Көкшетау, Ақмола жатқағыдай еркін ойран сала алмасы айқын еді. Біз ауылымыз араласып, ерулік берісіп, еркін тыныстадық. Содан соң қайтадан түйеге қом салынған.

Ұлытаудың бір сілемі - мойнын соза, көлденең шөккен түйедей шұбатыла өркештенген Едіге тауының батыс қапталын бөктерлей жүрдік. Мен ел жайы, жер жайы, қазақтардың ескі тұрмысы туралы кеңеске құмар едім. Осы, Ұлытауға жетіп, біздің әулет ес жимаса да, өзінің адамдық кейіпін тапқан азғана күнде өз әкемнен ғана емес, жаңа таныстарымыздан да тағы қаншама әңгіме естігем. Адам сенбестей аңқыат - дала императоры қаһарлы Шыңғыс ханның үлкен ұлы

атақты Жошының мав-золейі осы Ұлытауда, Кеңір өзенінің бойында тұрған көрінеді. Қызыл қыштан қаланған, екпе-ті айшықты, еңсесі биік, өте көркем құрылыс сияқты; рас, күмбезіндегі көк сырлы тастары түгелге жуық сөгіліп түскен, бір жақ бұрышы кетілген, әйтсе де бүл-бүтін дейді. Мен қайыра-қайыра сұрадым. Кәдімгі хан болған Шыңғыс па, соның хан болған ұлы Жошы ма деп, Ақсақалдардың бәрі, - не деген зейін, - сол сәтінде таратып берді. Шыңғыс хан, оның ұлы Жошы хан, оның ұлы... ұмыттым пәлен хан, оның ұлы түген хан, ең соңында, жиырма бірдеңе, әлде отыз ба атадан соң - бүгінгі ұрпағы Әли хан! Хан емес, Мемлекеттік

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

думаның мүшесі, Россияда аса беделді кісі десті, Әли де емес, Әлихан Бөкейханов. Қазақ жұртының қазіргі көсемі, елді теңдікке жеткізсе - сол жеткізбек! Әлихан Бөкейханов жайын, одан басқа қазақ көсемдерінің іс-әрекетін өз әкем де жақсы білетін болып шықты. Мен қайран қалғам. Мұсылман қайраткерлерінің саяси күреске белсене араласа бастауына емес, қазақтардың Шыңғыс хан, Жошы хан атын күні бүгінге дейін қастерлейтініне де емес. Халықтың тарихи санасына! Әрине, Еуропа ғылымына белгісіз жайттар да көп еді. Мәселен, Жошы ханға жақын жерде Алаша деген, қазақ үшін Шыңғыс ханмен паралап, бірақ одан етене тағы бір ханның мүлде өзгеше үлгімен салынған мавзолейі және бар екен. Тағы қаншама дерек, мөлдір сулы шағын өзен аққан, ықтасын қойнауындағы бұқпа, күнестерде алдына кіі үйілген, күресінде күлі көкісген қатар-қатар тас қоралар орналасқан терең сайды көбелей келе, ат бауырын шалаптын ақ селеулі қыратқа көтерілгенде айқын аңдадым: Едіге тауының ұшар биігінде, жаңа қылтпаған күн шапағы қызарта бедерлеген қожыр тастардың басында адам қолынан шыққаны күмәнсіз, пирамида кейіпті үшбұрыш белгі тұр. «Едіге батырдың моласы!» - деді әкей. Тарихтан белгілі, Алтын Орданы тежеусіз билеген Едігеймен атының ұқсастығына бірден назар аудардым. Үйлес есімдер көп, біраз сұрастыра келгенде, Тоқтамыс деген ханмен тартысқаны туралы дерек алдым. Енді күмән қалмаған. Сол Едігей, сол Тохтамыш (мүмкін біз орысша бұзып жазған шығармыз, қазақтар айтатындай Едіге, Тоқтамыс шығар) қайткенде де аңыз емес, тарих. Мен Едігенің мұнда қалай келгенін ежіктіей бастадым. Әкей, әрине, әуел баста нақты деректен шыққан, арты аңызға айналған тұтас бір эпосты өлең-жыр араластыра әңгімелеуге кірісті. Міне қызық! Менің үлкен әжем - Юсуповтар әулетінен еді. Ал Юсуповтар Едіге биден тарайды. Яғни, мен дәл қазір өзімнің арғы атамның зиратының түбінде тұрмын - міне, үшінші жыл, бабаларым талай басқан, ерлік жолын, сән-салтанат жолын өткерген кең далада күн кешіп жатырмын. Ғажап! Адам-Ата әулеті бір туыс екені күмәнсіз нәрсе, бірақ өзін таза орыс санаған, шынында да таза орыс Станислав Юрьевич В...ОБТЫҢ бір атадан тараған қандас туыстары осы қазақ даласында қаптап жүр дегенге кім сенер. Кенет мен қарқылдап күлдім. Князь Урусов - қазақтардың Кіші Ордасын (түпнұсқадан: “Меньшая Кайсацая Орда”, - М.) Русия дәрежешіне келтірген, жоқ, бодандық туралы ант қабылдаған князь Урусов та (бұл арада аз-маз жаңылыс бар: кіші жүздің сұлтан, билерімен келіссөз жүргізіп, 1731 жылы Әбілхайыр ханнан бодандық туралы ант қабылдаған - тілмаш Мәмет-мырза Тевкелев болатын; бірақ генерал-лейтенант князь Василий Урусовтың 1740 жылы Орда билеушілерінің тағы бір тобынан ант алғаны және қазақ даласын Россияға қаратуда айрықша қызмет атқарғаны рас, — М.) Едігей әулеті ғой. Едігей Москваны шапса, оның он екінші, әлде он төртінші ұрпағы Ордаға қарсы тұрады. Едігей Московия ғана емес, бүкіл Русия өзіне тәуелді болып, салық төлеп тұруға тиіс деп есептесе, оның ұрпағы князь Урусов “жабайы қайсақтарды” сол Московия-Русияға құлдыққа түсіреді. Тарихтың

мазағы ма, әлде ауысып, төңкеріліп тұратын әлемнің кезекті бір комедиясы ма? Трагедия. Нешінші актiсi? Кенет бойымды жидым. Өзімнің де онып тұрғаным шамалы. Таза орыс екенім күмәнсіз. Бірақ арғы аталарым - дала перзенттері. Енді менің балаларым... Әкейге сол кезде ғана көзім түскен. Өңінен азап пен қайғы көлеңкесін көрдім. Әрине, ақсақал өзінің арғы тарихтағы даңқты отандастары туралы саға толғағанда менің мазақ еткендей қарқылдап күлуім парықсыздық қана емес, әдепсіздік, керек десеңіз, қылмыс еді. Көргенсіз, бейбастақ іс. Өзімше оң жүрген кездердің өзінде біздің еуропалық дәстүр-салтымыздың көбісі көшпенді азиатқа өте сәлекет көрінетінін бағыға байқағам, керісінше, қайсақтардың жүріс-тұрысы, әдет-ғұрпындағы көп жағдаяттар біздің, біз дегенде, еуропалықтардың көзқарасы тұрғысынан жабайылық болып таны-лар еді; әрине, екі әлемді бірдей көрген маған қазір бәрі де түсінікті - әр халықтың салты, мінез-құлқы өзінің тіршілік жағдайына, табиғи ортасына қарай қалыптаспақ. Ал мына жердегі

Жер таныған, Түркістан, Сырға дейін барып қайтқан жұрттан сұрастыра келе ертегілік Жиделі-Байсын, Жерұйықтан күдер үзе бастаған. Үркін, қуғын басылғанша тыныш қойнау, бейбіт бекетте уақыт ұтып, ата мекен Қызылжарға қайта оралуға бекінді ме. Әрине, бұл сапарға да көз жұмып кіріскен жоқ. Жер жағдайын, су жағдайын сұрастырып, біліп шықса керек-ті. Шынында да, біздің азабымыз тым ұзаққа созылмастай. Күн екінтіге еңкейгенде қияқты, шилеуіт ойпаңға жеттік. Қақ ортада басына орамал байланған құрық шаншулы тұр. Мана, азаннан алға озған шолғыншылар тастаған белгі. Бөгеліндер, қоныңдар дейді. Жұрт қаталаған, мал сусаған. Асты тас, қиқы-жиқы жарлауыт арна құрғақ болып шықты. Бірақ көш үйіріле тоқтады. Түйелер шөгеріліп, теңдер түсірілді. Қоналқаға ыңғайландық. Аттары тың бес-алты жігіт екіге жарылып, бірі сол қапталдағы қырқалы адырға, бірі алға - қарауытқан дөңесті тау жаққа жөнелген. Үлкен кісілердің екі-үшеуі жарды жаяу жағалап, төменге кетті. Мен де солардың

соңынан ердім. Отыз жыл бойы Сыпатай мырзаның малын баққан жаппақбет, бадырақкөз, иегінде бес-ақ тал қылы бар мықыр Жұмажан әр тұстан шөп жұлып, таяғының ұшымен жер шұқып жүрді де, арнадан аулақ, ойпаң емес, үстіне бір шоқ қияқ өскен дөңесті нұсқады.

Жігіттер қолма-қол күрек, қайла-ларын әкеп, құдық қазуға кірісіп кеткен. Бұл кезде итарқа, жаппалар құрылып, боз түтіні көкке өрлей от жағылып, саба, торсықтарға теңдеп шыққан ауызсу қазан, шөңкелерге құйылып, ет асылып, шай қайнап, ит үріп, бала шулап, бүкіл ауыл абыр-сабыр, таршылық жағдайдағы тоң-торыс емес, көңілді, мерекелі кешкі дамылға кіріскен. Қақ ортаға көлдей текемет төселіп, алқалай отырған үлкендердің алдына қымыз келді. Жұрттың бәрінің, әсіресе жастардың еңсесі көтеріңкі. Жетпей тұрған алтыбақан ғана сияқты. Шынында да, қамығатын не бар. Қонысынан ауған отыз түңлік елден безген жоқ, қалың қазақтың ортасында, атамекен жерінде ерулеп отыр, жүріс-тұрысты, тіршілік кебін тежейтін жат өкімет те, жазықсыз қаныңды шашуға құлшынып тұрған жарақты әскер де алыста қалды. Бірақ бұл - бір сәттік қана тыныс, төңірек толы қатер екені айқын. Әлі қазак болып кете қоймаған, қоғам мен заманға да, жаңа ел, туыс жұртыма да еуропалық жат көзбен, сынамасам да тексере, үңіле қарайтын менің жүрегімді жанашырлық сезім билеген, осы бір аңғал да дарқан, ер көңілді, бейбіт жұртқа тыныштығынды бере гөр деп, бозара қарауытқан кең дала, жарқырай дөңгеленген ай астында тұрып, бар ындын, ниетіммен құдайға жалбарындым. "Отче наш, Иже еси на небесах!.." Құдай бар болса, бейнесі үшеу ме, төртеу ме - тұлғасы бір болса, бәрімізге ортақ; аддалы алқаласа, жазықсызды жebесе, ең алдымен мына жаңа жұртымды - мені жат көрмей, баурына тартқан ауылға, осы ауылдың бесіктегі баладан ат үстіндегі азаматқа дейінгі, желек көйлекті бойжеткеннен ақ кимешекті анаға дейін, еңбектеген нәрестеден ақ таяқты ақсақалға дейінгі барлық жанын мархаматпен алқалай гөр! Иисус Христос, Божий сын!... Алпаның досы Мұхамед!.. Онда өзің!

От сеніп, ел тынышған кезде кісі бойы құл ұсыным тереңнен су шықты, Құдың түбіне екеулеп түсіп, кезектесе, үздіксіз қазған он жігіт сонда ғана бел жазды. Көзі мол, нағыз көктұма көлқайран деп, жадырай дабырласып, шалпылдата күреп, тағы бірнеше шелек құм-топырақ шығарған. Арада шай қайнатым өткенде құдық суы қауғалап алуға жарады. Салқын, тұщы су. Ауылдың бас көтерер еркегі тегіс құдық басына жиналды. Ұрттай ішіп, бет-ауыздарын шайған соң қоналқа іргесінде - өреде жүрген мініс аттарын әкеп суғарды. Содан соң астау, шелек, мес атаулыны толтыра бастаған. Адам үшін емес, мал үшін.

Құрғақ арна басына - шұбар адырға кеткен үш жігіт мана, ел орынга отыра, бұлақ көзін таппай, бос қайтқан. Алға озған шолғыншылардың ізімен жөнеген жігіттер құдық қазылып бітер қарсанда оралды. Тақау манда тамшы су жоқ сияқты, осыдан құнан шаптырмын жерде көкпекті тақырға құрықты теріс тігіп кетіпті, біраз тосып, тың тыңдап, ай батқан соң кері қайттық десті. Мана, күн жарықта көкжиектен жалғыз шоқы көрінген, жігіттер соған жетпей тоқтамайтын сияқты, егер ол жерде де су болмаса, кері оралуының өзі қатер. Сыпатай мырза саспады, қайта, ризашылық білдірген. Ол — Найзатас деді. Етегі толы бұлақ.

Аттыға - күндік, көшке ара қонып жетер жер. Жігіттер қазір көк беткейде сулап, тыныстап жатыр...

Бізде қой шамалы, сойыстық қана - екі-үш жүз. Қазақ-орыстардың шапқынынан соң жылқы саны ойсырай кемімесе де, ағайындармен ажарысқанда мырза өзіне төн малды ықшамдаған, енді отыз түңлікте бес-ақ жүз жылқы бар. Бірақ бар малды бір мәрте толық суғару үшін кемі осындай он құдық керек болар еді. Жігіттер түні бойы қауға тартып, құлын-тайларды суғарды да, шолғыншыны күтпей, ала-көбөңде бар жылқыны айдап жөнелді. Ертеңгі салқынмен қалған ел де қозғалды.

Ақсақалдың ақпары анық болып шықты. Күн еңкейе ілгерідегі жылқы тура жолда деген хабар алдық, көш ай батқанға дейін дамылдап, қайта түзілген. Сусасақ та, шаршап-шалдықсақ та, таң бозара Найзатасқа жетіп жығылдық. Шелден біржола құтылыппыз. Артағы елмен де біржола қоштасқан сияқтымыз.

Жайыла көшіп, ақырын жылжи бердік. Сай-саласы бүк, қойнауы толған бұлақ, етегі майса Кішітауды қимадық. Қимағанмен немене. Қазақта бос жатқан жер жоқ. Қаптаған қыстау күні ертең-ақ - салқын ызғар соққанда қайнаған елге, жыпырлаған малға толмақ. Тәңірінің өзі теңестіріп, өлшеп үйгендей, шоқылары қатар-қатар, емшек-емшек Кішітау да еріне жылжып, кейін шегіне берді. Канаттаса отырған қалың ел ішіне кірдік. Қарсақбайға иек арттық. Ағылшындар кен өндіреді, мас қазып, мыс ағызады деген дақпырт бар. Жігіттердің біразы кеншілермен қоңсы қоналық, өндірісте жұмыс істегендерді әскерге алмайды-мыс, әрі табысы мол десті. Ақсақал хош көрмеді. Еркіндіктен айрылмайыз, кіріптарлыққа түсеміз деген. Табысы мол болса, осы ел байымас па еді, салдатқа алмаса, осы елдің жігіттері қалмас па еді. Шынында да, бұл өңірдің тізімге ілінген жастары тегіс майданға кеткен екен. Кеніш, өндірісі бар жерде патшалық тәртіп күштірек сияқты, ешкім мойын бұрып, наразылық таныта алмаған.

Қыркүйек өтті, күздің салқын ызғары дендей бастады. Ақсақалдар түстік бағдарды, оң мен солды сұрастыра келе, жаңа бір шешімге тоқтады. Көлденең тартып, ұзын аққан Сарысуға бет қойдық.

Сарысудың етегі қаптай қонған қалың тама болып шықты. Азып-тоз-басақ та, шалдығып, ширығып келген бізді меймандос көңілмен қарсылады. Қазақтың ұлы ханы Абылай жалғыз ат, жалаң найзалы Сабалақ бала кейпінде алғаш рет жұртына танылған сәтте оны тік көтерген, бір күнде алты қатын өнеріп, алты орда тігіп, бастапқы мерейіне жеткізген атығай-қарауылды біз қалай сыйламаймыз десті. Абылай үш алашқа хандық құрып, халқының мәртебе-тыныштығы үшін төңіректің төрт бұрышына тегіс шабынғанда үнемі ту түбінен табылған, найзасының ұшы алтын атанған батыр тама біз едік, ерлігіне көңілі толып, қызметіне риза болып, арғын мен найманның көк ортасынан суы мол, шөбі шүйгін, малға жайлы, жаңа тыныш Сарысуды аталарымызға мұрас етіп кесіп берген тасыыр иемнің аруағы бар ұрпағын желеп-жебеп келеді, ел біреу, ұлыс ортақ десті. Кешегі үркін ауарда Кенесары ханмен ақырына дейін бірге ат шабысқан тағы біз, тамаға иек сүйеген қазақ ұлы кемшілік көруге тиіс емес десті. Ата баласы болып ақылдаса, кеңесе отырып, Сарысу мен Кенгірдің құйғаны - ықтасыны биік, күнесі мол Қаржардан қоныс кесіп берді.

Мен ел ішінде - аумалы-төкпелі дүрбелең мен көші-қон үстінде өткен он бес жыл орайында бар қазақты танымасам да, Қызылжардан Шуға дейінгі аралықтағы неше мың шақырым аймақты біршама білдім. Алаштың жаманы жоқ. Бірақ мен қыздары сұлу, ұлдары бұла, ақсақалы кең, азаматы мәрт, бұдан жүз жыл бұрынғы еркіндігінен айрылмаған, әдет-салтын таза ұстаған, әрі өнерлі, әрі жомарт тама сияқты ел көрмедім. Бар қазақ бар атаның баласы десек те, енші бөлісіп біткен, заманның тарылған кезі - үмітіміз ортақ, тілегіміз түйіс болып шықты, бар зымыстаннан бір-ақ күнде арылғандай, еңсеміз көтеріліп, арқамыз кеңіп сала берді.

Жайысз уақытта көлсек те жайлы орналастық. Көп ұзамай қылышын сүйретіп қыс жетті. Бұл кезде жылқы қырда, қой қамыс ығында, үлкен ауыл - үйіріле қонған киіз үйлер тоғай ұйғығанда. Шығыс қапталымыз жел өткізбес биік қабақ, қалың тоғай бойла-ған мол су, батыс жағымыз -шоқы-шоқы тал өскен, шилеуіт, кең қорық, жоғары мен төмен - кейде тұтаса, кейде күргейлене біткен қызыл қайың, көк терек, боз ағаш. Ауыл орныққан аймақ - тай шаптырмын жер - желден, бораннан ықтасын, күнес ойпаң. Қысты күйлі өткердік, көктем туа бір басымыз екеу болып, мал төлдеді; көп ұзамай жаз шықты, біз Сарысуды өрлеп, қалың тамамен бірге Арқаға жайлауға көштік.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЫНА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?

ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің 90 бабының 1-ші тармағына сәйкес, Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде бір рет азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдайды. Тіркелу үшін «e-Otinish»ақпараттық жүйесіне жазбаша өтініш жазып, тіркелуге болады. Кезегі келген кезде қабылдау күні алдын ала хабарланатын болады.

ТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚАЛАЙ ТІРКЕЛЕДІ?

Азаматтар тұрғылықты мекенжайы бойынша, тиісті құжаттарды Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қаты-настары туралы» Заңына сәйкес 5 жыл көлемінде жеке меншігінде басқа тұрғын үй болмаса (ЭЦҚ кілпі арқылы) «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» ақпараттық жүйесі **«orken.otbasybank.kz»** сайтына өтінім беру жолымен тапсыра алады. ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 71-бабына сәйкес, ұлттық даму институты мәртебесіне ие тұрғын үй құрылысы жинақ банкінің осы Заңның 69 бабына сәйкес тұрғын жайға мұқтаж деп танылған Қазақстан Республикасының азаматтарын, қандастарды «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасына тұрғын жайға мұқтаждар есебіне қою қағидаларына сәйкес осы елді мекенде тіркелген жері бойынша жүзеге асырылады.

ТҰРҒЫН ҮЙДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР ҚАЖЕТ?

Тұрғын үйді жекешелендіру үшін қажетті құжаттар:
1) өтініш: көмелетке толған барлық отбасы мүшелері қол қойған өтініш;
2) куәліктердің көшірмелері: некеге тұру (бұзу) туралы, отбасы мүшелерінің қайтыс болуы туралы, балалардың тууы туралы куәліктері;
3) жалдау шарты немесе тұрғынжай ордері: өзіңіздің

МЕКТЕП ФОРМАСЫН АЛУ ҮШІН БЕРІЛЕТІН КӨМЕКТІ АЛУ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

1 – САНАТ 1. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы (АСП) Қажетті құжаттар: - Өтініш (мектепте жазады) - Ата-анасының жеке куәлігі (көшірме 2 дана) - Туу туралы куәлік (көшірме 2 дана) - Некеге тұру/бұзу, ф4 куәлігі (көшірме 2 дана) - Атаулы әлеуметтік көмек алатындығын растайтын анықтама (уведомление 2 дана) - Файл. (2 дана)	балалары (көп балалы, жалғызбасты, жартылай жетім, тұрмысы төмен)
Қажетті құжаттар: - Өтініш (мектепте жазады) - Ата-анасының жеке куәлігі (көшірме 2 дана) - Туу туралы куәлік (көшірме 2 дана) - Некеге тұру/ бұзу, ф4 куәлігі (көшірме 2 дана) - Айлық табыс (жұмыс орнынан анықтама) (көшірме 2 дана)	II санат бойынша құжаттар жинау: Қажетті құжаттар: - Өтініш (мектепте жазады) - Ата-анасының жеке куәлігі (көшірме 2 дана) - Туу туралы куәлік (көшірме 2 дана) - Некеге тұру/ бұзу, ф4 куәлігі (көшірме 2 дана) - Айлық табыс (жұмыс орнынан анықтама) (көшірме 2 дана)
2 –САНАТ 2. Жан басына шаққандағы кіріс көзі 50 851 теңгеден аспайтын отбасы	Отбасына кіретін кіріс көзі: Ата-анасының жұмыс орнынан айлық табысы көрсетілген анықтама (соңғы 6 ай)

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНЫҢ ГРАНТЫН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры білім беру гранттарын ұсынудың жаңа тұжырымдамасын бекітіп, ауылдық елді мекендерден, шағын және моноқалалардан шыққан жастарды қолдауды күшейтті.

2026 жылы Қор оқу ақысын төлеуді және ай сайынғы шәкіртақыны қамтитын 350 білім беру грантын бөледі.

Грантқа ауылдық елді мекендердегі, шағын және моноқалалардағы мектептердің 25 жасқа дейінгі (қоса алғанда) түлектері келесі санаттар бойынша үміткер бола алады:

- жетім балалар және көмелетке толғанға дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- мүгедектігі бар адамдар;
- мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың балалары.

Қор бір академиялық жыл үшін оқу ақысын 1 миллион теңгеге дейін төлейді, сондай-ақ оқу жылының 10 айы бойы ай сайын 60 мың теңге көлемінде шәкіртақы тағайындайды. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда шәкіртақы мөлшері 1,5 есеге өсіп, 40 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтерілді.

Қолдау оқу мерзімінің толық кезеңіне беріледі және әлеуметтік қолдауды қажет ететін жастардың жоғары білімге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған.

2026 жылы серіктес жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары арқылы іріктеу жүргізудің моделі сақталады. Талапкерлерден құжаттарды қабылдау 2026 жылғы 1–17 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Құжаттар тексерілгеннен кейін «Қазақстан халқына» білім беру гранттарының иегерлері тізімі Қордың ресми сайтында 2026 жылғы 11 қыркүйекке дейін жарияланады.

Барлығы 44 жоғары оқу орны қатысуда, серіктес жоғары оқу орындары және қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпарат Қордың ресми интернет-ресрусында жарияланған.

Білім беру гранттары — «Қазақстан халқына» қорының алғашқы қайырымдылық бастамаларының бірі. 2022 жылдан бері 4 311 студент қолдау алды. Қазіргі уақытта Қор гранттары бойынша еліміз бойынша шамамен 2,5 мың студент оқуын жалғастыруда.

АЗАМАТТЫҚТЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Республика азаматтығын алу үшін тестілеуге өтініш қабылдау басталды
Биылғы жылдың 10–20 тамыз аралығында Қазақстан азаматтығын алуға үміткер азаматтардан арнайы тестілеуге өтініш қабылдау жүргізілуде.

Азаматтық алу үшін тестілеу жылына екі рет: тамыз және ақпан айларында өткізіледі.

Өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының сайтында немесе УТО қосымшасы арқылы 10-20 тамыз аралығында беруге болады. Тестілеу 22 тамызда өтеді. Ол 3 блоктан тұрады:

Бірінші: қазақ тілі бойынша тест 30 тапсырмадан тұрады, шекті балл - 15.
Екінші: Конституция негіздері бойынша (қазақ немесе орыс тілінде) 40 сұрақтан тұрады, шекті балл — 20,
Үшінші: Қазақстан тарихы бойынша (қазақ немесе орыс тілінде) 30 тапсырмадан тұрады, шекті балл — 15.
Тестілеуге 2 сағат 10 минут уақыт беріледі, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қосымша 30 минут қосылуы мүмкін. Бағасы 14 693 теңге.
Сынақ тестілеуін Ұлттық тестілеу орталығының сайтында 3355 теңгеге тапсыруға болады.

тұрғынжайды пайдалану құқығыңызды растайтын құжат;

4) сот шешімі: егер басқа адамдар көрсетілетін қызметті алушының отбасы мүшелері деп танылса, онда олар сот шешімінің көшірмесін ұсынуы тиіс;

5) әлеуметтік жағынан осал топтарға жататын азаматтар үшін: көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) әлеуметтік жағынан осал топтарға жататынын растайтын құжаттың көшірмесі;

6) жұмыс орнынан анықтама немесе еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі: мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйымдардың жұмыскерлері үшін.

«ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Жүз еселенген айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы төленеді, қажеттілігіне қарай тұрғын үй сатып алуға немесе салуға екі мың еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде 15 жыл мерзімге 1% мөлшеріндегі жылдық сыйақы мөлшерлемесімен бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

КӘСІПКЕРЛІК МАҚСАТТАҒЫ ЖЕРЛЕР ҚАНДАЙ ТӘРТІППЕН БЕРІЛЕДІ?

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабының 1 тармағына сәйкес мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалға алу құқығын беру сауда-саттықта (аукциондарда) жүзеге асырылады делінген.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі 2021 жылғы 15 қазандағы № 297 бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес, “электрондық үкіметтің” веб-порталындағы пайдаланушының кабинеті – “электрондық үкіметтің” веб-порталы арқылы өтініш беру қажет екендігін хабарлаймыз. Өтініш беру арқылы ұсынған жер телімі зерттеліп, **https://e-qazyna.kz/ru/** жүйесіне енгізіледі.

УЧАСКЕЛІК ДӘРІГЕРДІҢ ЖОЛДАМАСЫНСЫЗ БЕЙІНДІ МАМАНДАРҒА ҚАРАЛУҒА БОЛА МА?

Иә, кейбір жағдайларда бейінді маманға алғашқы буын дәрігерінің жолдамасынсыз жазылуға болады (*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығымен бекітілген амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмекті көрсету қағидаларының 12-тармағына сәйкес*):

- шұғыл жағдайлар және жарақат алу;
- стоматологиялық көмек алу үшін жекелеген санаттағы пациенттердің жүгінуі;
- дерматовенерологиялық бағыттағы ауруларға байланысты бейінді маманға жүгіну;
- акушер-гинекологқа (жүктілік есебіне қояудан басқа жағдайларда) және тіркелген жері бойынша психологқа жүгіну;
- онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруларға күдік туындаған жағдайда бейінді маманға жүгіну;
- жастар денсаулық орталықтарына жүгіну (өз еркімен);
- динамикалық бақылауда тұрған пациенттің бейінді маманға жүгінуі;
- бір жағдай аясында бейінді маманның қайта қабылдауы, сондай-ақ жаңа түзліске күдік туындаған жағдайда;
- көшпелі медициналық кешендер мен медициналық пойыздар қызметін алу.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕ САҚТАНДЫРУ МӘРТЕБЕСІ ЖОҚ АДАМҒА ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗДЫҚ ПАРАҒЫН РӘСІМДЕУГЕ БОЛА МА?

Егер пациенттің еңбекке жарам-

сыздығын анықтау немесе растау үшін МӘМС жүйесінде медициналық қызмет көрсету талап етілмесе, онда еңбекке жарамсыздық парағын ТМҚК шеңберінде рәсімдеуге болады.

Мысалы, сақтандырылмаған нау-қаста ЖРВИ белгілері пайда болып, ол филтр кабинетіне немесе учаскелік дәрігерге қабылдауға жүгінді делік. Егер диагнозды белгілеу үшін арнайы маманға жолдама немесе МӘМС паке-

тіне кіретін диагностикалық зерттеулер талап етілмесе, онда пациентке учас-келік дәрігер еңбекке жарамсыздық парағын бере алады.

Алайда, егер емдеуді одан әрі жал-ғастыру немесе қосымша зерттеулер жүргізу үшін міндетті медициналық сақтандыру тізіміне енгізілген медици-налық қызметтерді алу қажет болса, онда мұндай пациентке міндетті меди-циналық сақтандыру жүйесінде сақтан-дыру мәртебесін алу қажет болмайды.

МӘМС-КЕ ЖАРНАЛАРДЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНАН ТЫС ЖЕРЛЕРГЕ КЕТКЕН ҚАЗАҚШТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ ТӨЛЕЙ МЕ?

Қазақстан Республикасы Конституциясының 38-бабына сәйкес заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әрбір азаматтың борышы мен міндеті болып табылады.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі–МӘМС туралы Заң*) 4-бабына сәйкес МӘМС жүйесінің негізгі қағидаттары мемлекеттің, жұмыс берушілердің және азаматтардың денсаулықты қорғау жөніндегі ортақ жауапкершілігі және аударымдар мен (немесе) жарналарды төлеу міндеттілігі болып табылады.

МӘМС туралы Заңның 14 – бабы 2-тармағының 9) тармақшасына сәйкес жарналарды өз бетінше төлейтін адамдар, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерге кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары (*бұдан әрі-дербес төлеушілер*) жарналарды төлеушілер болып табылады.

Осылайша, Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шыққан Қазақстан Республикасының азаматы МӘМС жарналарын төлеуге міндетті. Көрсетілген кезенді дербес төлеуші ретінде әр ай үшін 4250 теңге сомасында төлеу қажет (дербес төлеуші ретінде жалдамалы қызметкерлерден, жеке кәсіпкерлерден, жеке практикамен айналысатын адамдардан, жеке көмекшілерден, жеңілдікті санатқа кіретін адамдардан басқа жеке тұлғалар төлейді).

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының

Қызылорда облысы бойынша филиалының ақпараты бойынша

МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ӨТЕУ: ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАР НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

отырып, ай сайынғы төлемді азайту.

Бұл ретте банктер мен микроқаржы ұйымдары заңнаманың талаптарына сәйкес мерзімінен бұрын өтеудің ішкі рәсімдерін белгілеуге құқылы. Мұндай рәсімдер өтініш беру тәртібін, оны қарау мерзімдерін, есептеу күндерін және басқа да ұйымдастырушылық мәселелерді көздеуі мүмкін.

Төлемді мерзімінен бұрын енгізбес бұрын кредитордан берешекті қайта есептеу тетігін, ақшалай қаражатты есептен шығару тәртібін, сақтандыру сыйлықақысын (ол болған кезде) қайтару шарттарын, сондай-ақ ипотекалық қарыз болған жағдайда мүлік кепілі бойынша ауыртпалықты алу рәсімін нақтылауға кеңес беріледі.

Агенттік 2025 жылғы 31 тамыздан бастап қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды

күшейтуге бағытталған заңнамалық өзгерістер күшіне енгенін еске салады. Осы өзгерістерге сәйкес қарызды мерзімінен бұрын өтегені үшін айыппұлдар мен өзге де санкциялар тек заңды тұлғаларға қатысты қолданылуы мүмкін. Жеке тұлғалар айыпақы төлемей кез келген уақытта кредитті толық немесе ішінара өтеуге құқылы. Бұл норма барлық қолданыстағы қарыз шарттарына, оның ішінде өзгерістер күшіне енгенге дейін жасалған шарттарға қолданылады.

Мерзімінен бұрын өтеу қарыз жүктемесін азайтуға, артық төлемнің жалпы сомасын қысқартуға мүмкіндік береді және оң кредит тарихын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар кредитті өтеуге қаражат жұмсау туралы шешім қабылдамас бұрын ағымдағы қаржылық жағдайыңызды бағалауға кеңес беріледі.

ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРІҢІЗ БЕН ҚАРЖЫҢЫЗДЫ КИБЕРАЛАЯҚТАРДАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтарға жеке деректер мен қаржылық ақпаратты қорғау үшін цифрлық қауіпсіздік қағидаларын сақтау қажеттігін еске салады.

Ең көп таралған киберқауіптер қатарында фишингтік шабуылдар, залал келтіретін бағдарламалық қамтамасыз ету, құпиясөздерді іріктеу және әртүрлі алаяқтық схемалар болып қала береді. Ерекше қауіп төндіретіні – жасанды интеллект технологиялары. Қаскөйлер оларды шынайы көрінетін фишингтік хабарламаларды, сондай-ақ дипфейктерді – жалған дауыстық және бейнежазбаларды жасау үшін пайдаланады.

Киберқауіптерден қорғану үшін мынадай қарапайым қағидаларды сақтау ұсынылады:

бөгде адамдарға жеке деректеріңізді және құжат-тарыңыздың көшірмелерін бермеңіз;

құжаттардың, банк карталарының және өзге де құпия деректердің фотосуреттерін ашық қолжетімділікке жарияламаңыз;

жеке немесе қаржылық ақпаратты қамтитын құжаттарды сенімділігі расталмаған жасанды интеллект сервистеріне жүктемеңіз.

Есептік жазбаларыңызды қорғаңыз: күрделі әрі бірегей құпиясөздерді пайдаланыңыз; екі факторлы аутентификацияны қосыңыз;

құпиясөздерді, SMS-кодтарды және растау кодтарын ешкімге хабарламаңыз.

Қоңыраулар мен хабарламаларға мұқият болыңыз: ақшаны шұғыл аударуды немесе құпия ақпаратты хабарлауды сұрайтын өтініштерге сенбеңіз; бейтаныс адамдардың өтініші бойынша қандай да бір бағдарламаларды орнатпаңыз;

күмәнді қоңыраулар түскен жағдайда ұйыммен оның ресми байланыс арналары арқылы өзіңіз хабарласыңыз; құрылғыларыңыздың және банктік сервистердің қауіпсіздігін тұрақты түрде бақылап, қосылған қолдан-баларды және операциялар бойынша хабарламаларды тексеріп отырыңыз.

Жеке деректеріңіздің жария болып кету қаупі туындаған жағдайда, құпиясөздеріңізді дереу өзгертіңіз, банк картаныңыз немесе қашықтан банктік қызметтерге қолжетімділікті бұғаттаңыз, банкке хабарлаңыз және қажет болған жағдайда құқық қорғау органдарына жүгініңіз.

Есте сақтаған жөн: мемлекеттік органдардың, банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының қызметкерлері телефон арқылы банк картасының деректемелерін, растау кодтарын, құпиясөздерді және өзге де құпия ақпаратты сұратпайды.

Осы қарапайым қағидаларды сақтау жеке деректеріңіз бен ақша қаражатыңызды жоғалту тәуекелін едәуір азайтуға көмектеседі.

«ЖАЙДАРМАН» ЖЕҢІЛ КҮЛКІ ЕМЕС

«12 тамыз – Халықаралық жас-тар күні» онкүндігі аясында Қызыл-орда қаласындағы Президент паркінің амфитеатрында «Жастар және заң мен тәртіп» тақырыбында облыс-тық «Жайдарман» ойындары ұйым-дастырылды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Мем-лекет басшысының «Заң мен тәртіп» қағидатын қоғамда кеңінен насихаттау, жастардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру, заңға құрметпен қарау және азаматтық жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру.

Сайысқа Қызылорда қаласы мен облыс аудандарынан жас жайдар-маншылар қатысып, қоғамдағы өзекті мәселелерді әзіл мен ұтқыр ой арқылы жеткізді. Қатысушылар өз қойылым-дарында заң талаптарын сақтау, қоғам-дық тәртіп, жауапкершілік, құқықтық мәдениет және азаматтық белсенділік тақырыптарын кеңінен қамтыды.

Шара барысында облыстық қоғам-дық даму басқармасының басшысы Руслан Каюпов жастарға бағытталған мұндай бастамалардың тәрбиелік және қоғамдық маңызына тоқталды.

– Заң мен тәртіп – орнықты қоғам-ның негізгі тірегі. Құқықтық мәдениет тек заң талаптарын білу немесе оны орын-даумен шектелмейді. Ол – әр азаматтың өз құқығы мен міндетін терең түсінуінен, қоғамдық ортадағы жауапкершілігін сезінуінен басталады. Өсіресе, елдің ертеңін қалыптастыратын жастардың бойында осы құндылықтардың берік орнығуы аса маңызды. Бүгінгі «Жайдарман» ойыны – жастардың шығармашылық әлеуетін танытумен



қатар, қоғамдағы өзекті мәселелерді ашық көтерудің, азаматтық ұстанымды әзіл арқылы жеткізудің тиімді алаңы. Жастардың құқықтық сауаты жоғары, ойы сергек, жауапкершілігі мол болған сайын қоғам да соғұрлым берік болады. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қағидаты күнделікті өмір салтына айналуы тиіс, – деді Руслан Мұхамедәліұлы.

Ойын барысында командалар сахналық қойылымдар арқылы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, заң талаптарына құрметпен қарау және азаматтық жауапкершілікті арттыру мәселелерін көрермен назарына ұсынды.

Билғы Халықаралық жастар күніне арналған мерекелік шаралар Қазақстан Республикасы Конституциясының күші-не енуі және алда өтетін Құрылтай

депутаттарының сайлауы аясында өткізілуде. 10–12 тамыз аралығында республика көлемінде «Жастармен бірге!» акциясы ұйымдастырылып, оның басты іс-шарасы Астанадағы «Jastar Fest» республикалық жастар фестивалі болмақ.

Сонымен қатар өңірімізде Абай күніне арналған әдеби кештер, кітап оқу мәдениетін насихаттайтын «Оқы. Ойлан. Өзгер.» акциясы, «100 минут оқу» челленджі, жастардың цифрлық сауаттылығын арттыруға арналған кездесулер, сондай-ақ экологиялық және волонтерлік акциялар өткізіледі. Сондай-ақ, жастарға білім алу, жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік пен мемлекеттік қолдау тетіктері бойынша кеңес беретін бірыңғай жастар алаңдары жұмыс істейді.

Емханада медициналық көмек көрсету ережесі өзгереді

Емханада медициналық көмек көрсету ережесі өзгерді. Учаскелік терапевттен жолдаманы қайта-қайта алудың қажеті болмайды. Бұдан былай пациент невролог, кардиолог немесе эндокринолог сияқты бейінді дәрігердің қабылдауына барса, сол мамандар қосымша тексерулерге жібере алады. Ол үшін қайтадан терапевтке барудың қажеті жоқ.

Сондай-ақ, кейбір дәрігерлерге тікелей жазылуға мүмкіндік болады. Жаңа ережеге сәйкес, емхана медициналық ақпараттық жүйеде бейінді мамандардың екі айлық қабылдау кестесін жариялайды. Соған қарап дәрігердің өзіне тікелей жазылуға мүмкіндік беріледі.

Алимент арнайы шотқа түседі

Тамыздың соңына қарай көмелетке толмаған балаларды және еңбекке қабілетсіз адамдарды асырауға арналған алименттерді аударудың жаңа тәртібі қолданысқа енгізіледі. Негізгі мақсат – қаражаттың сақталуын қамтамасыз ету.

Өндіріп алынған алимент арнайы банктік шотқа ғана аударылатын болады. Ол үшін өндіріп алушы сот орындаушысына осындай банктік шоттың деректемелерін ұсынуға міндетті.

Шоттағы ақшаға тыйым салуға болмайды. Ал алимент бойынша қалыптасқан берешек сақталады және есептен шығарылмайды.

65 жастан асқандардың ережесі

Тамыз айында жол ережесіне енгізілген өзгерістер де күшіне енеді. Оған сәйкес 65 жастан асқан жүргізушілер мен мүгедектігі бар жүргізушілер екі жылда бір рет міндетті медициналық тексеруден өтуге міндетті.

Міндетті медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер ішкі істер министрлігіне автоматты түрде түседі. Ал тексерістен өткені туралы ақпарат түспесе, көлік құралын басқару құқығы тоқтатылады.

Қайта емтихан тапсырады

Жол ережесіне енгізілген тағы бір өзгеріс жол жүрісі қағидаларын білу деңгейін қайта тексеруге қатысты. Оған сәйкес жолда жүру қағидаларын өрескел бұзған жүргізушілер қайтадан теориялық емтиханға жіберіледі.

Жол қиылысынан өту кезінде апаттық жағдай туғызған; белгіленген жылдамдықты бірнеше рет асырған; дұрыс маневр жасамаған; жолақ ауыстыру немесе басып озу қағидаларын қауіпті түрде бұзғандар қайтатан емтихан тапсырады.

Егер жүргізуші дәлелді себепсіз тиісті қаулыны алған күннен бастап екі ай ішінде теориялық емтиханға келмесе, онда бұл көлік тізгіндеу құқығын тоқтатуға негіз болады.

Куәлікті 8 жыл бойы ала алмайды

Жол ережесінде алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде көлік тізгіндегені үшін жауапкершілік те күшейтіліп отыр.

Бұдан былай қылмыстық іс жәбірленуші тараппен татуласуына байланысты тоқтатылғанның өзінде құқық бұзушы сегіз жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Ал егер жүргізуші куәлігі бомаса, оны сегіз жыл бойы ала алмайды.

Заңнамалық өзгерістер 25 тамыздан бастап күшіне енеді.

Самокаттар тротуармен жүрмейді

Бұған дейін электрсамокаттарға қатысты қатаң талаптар енгізілген болатын. Енді 25 тамыздан бастап электрсамокаттардың тротуар мен жаяу жүргінші жолдарымен жүруіне тыйым салынады. Ал жолдың жиегімен тек 18 жасқа толған, жүргізуші куәлігінің кез келген санаты және арнайы шлемі бар адамдарға ғана рұқсат етіледі. Қараңғы уақытта жарық қайтаратын элементтер болуы шарт.

Электрсамокатпен жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға болмайды. Жаяу жүргіншілер өткелі арқылы самокаттан түсіп өту керек.

“Ұмай” ипотекасы қайта беріледі

Тамыз айында «Ұмай» бағдарламасы аясында қайтадан ипотека беріле бастайды.

Бағдарлама шарттары:

Мөлшерлемесі – 14.4% (ЖТСМ 15.4% - дан бастап 16.4% дейін), одан кейін несие сомасының 50 процентін жинағаннан кейін 3.5% - 5% - ға дейін төмендейді (ЖТСМ 3.6% - дан);

Бастапқы жарна - 15-20%;

Несие сомасы - 50 млн теңгеге дейін;

Мерзімі - 6 айдан 10 жылға дейін.

Баспананы бастапқы немесе қайталама тұрғын үйден алуға болады. Бұдан бөлек, үйді жөндеуге де кредит қарастырылған. Бірақ ең жоғары сомасы 15 млн теңгеден аспайды.

«ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

- Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервистердің көмегімен; www.gov.kz/sailau sailau.gov.kz sailau2026.gov.kz
- Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;
- Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

Құрылтай сайлауы - 2026

САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНДЕ ӨЗІҢІЗ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ?



Сайлаушылар тізіміне енгізілген өзі туралы деректердің дұрыстығымен сайлаушылар 2026 жылғы 7 тамыздан бастап таныса алады

Сайлаушылар тізіміне түзетулер жасау қажеттігі туралы өтінішті сайлау комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды

Оң шешім қабылданған жағдайда, сайлау комиссиясы дереу тізімді түзетеді немесе тізімге енгізеді

Мақұлдабаған жағдайда азаматқа уәдді шешімнің көшірмесі көшіктірілмей беріледі

Шешімге сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотта шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды

Әрбір азамат:

- өзі туралы деректерді тексеруге;
- тізімге енгізілмегені;
- дұрыс енгізілмегені;
- тізімнен шығарып тасталғаны;
- тізімдердегі жіберілген дәлсіздіктер үшін шағымдануға

құқылы.

САЙЛАУДА КІМГЕ ДАУЫС БЕРЕМІЗ?

23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауына жеті партия қатысады. Орталық сайлау комиссиясы оларды бюллетеньде орналастыру тәртібін де бекітті.

- «Әділет» партиясы
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы
- Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы
- Қазақстанның Халық партиясы
- «Ауыл» партиясы
- «Ақ жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы
- «Respublica» партиясы

Сондай-ақ сайлау бюллетенінде «Барлығына қарсымын» деген графа да болады.

Сайлаудың нәтижесінде 145 депутаттық мандат жиналған дауыстың санына қарай партиялар арасында үлестіріледі. Әрбір саяси ұйым Құрылтайға партиялық тізімнен кімнің баратынын өзі шешеді.

САЙЛАУШЫ ҮШІН ШАҚЫРУ ҚАҒАЗДАРЫ ТАРАТЫЛУДА

23 тамыз күні өтетін Құрылтай сайлауына санаулы күн қалды. Маңызды науқанда учаскедегі комиссия мүшелері сайлаушылар үшін шақыру қағаздарын таратуда.

Орталық сайлау комиссиясымен дайындалған бірыңғай үлгідегі QR код белгісі бар шақыру қағаздары әрбір үйге, әрбір азаматқа беріледі. Өңірде А5 форматта 500591 шақыру қағазы әзірленді, сондай-ақ көпқабақты тұрғын үйлерге А3 форматта 5930 ақпараттық хабарлама дайындалды.

Шақыру қағаздарын тарату процесінен кейін азаматтарға смс хабарламалар жіберіледі.

Азаматтар науқан барысы туралы және өз учаскесі туралы ақпараттарды gov.kz платформасында және Halyk, Kaspi платформасында қолжетімді.

Сонымен бірге қызылордалық сайлаушылар үшін sailau.orda.gov.kz арнайы сайты іске қосылған. Бұл онлайн сервис телеграм ботында және Smart Qyzylorda мобильді қосымшасында бар.